Себебі әдебиет бәрібір қоғамнан тыс дами алмайды. Идеялық бағыттан ажыраған әдебиет өзгеше суреттеу тәсілдеріне көшкен кезде, қаптаған әдеби ағымдар бой көтерді. Солардың бірі модернистік ағымдар еді (символизм, акмеизм, футуризм т.б.). Модернизм - бұл ескі сүрлеуден арылып, жаңаша арнаға түсу. Тек әдебиетке қатысты термин емес. Адамзат қоғамы қай уақытта да ерекшелікті, жаңаны қажет етеді, осы жолда ізденеді. XX ғасыр басында пайда болған модернизм көп ұзамай-ақ постмодернизм ағымына ұласып, жалғасып кеткенін қоғамның өзі де байқамай қалды деуге болады. Жоғарыда айтқанымыздай, қоғамдық құрылымдардың ауысуы, өзгерісі кезеңінде көркемдік бағыттардың, ағымдардың көбеюі заңдылыққа айналған құбылыс. Модернизмнің біз көрсеткен түрлерінің өзінің ғұмыры қысқа болды. Сонымен, біздің ырқымыздан тыс модернизм, постмодернизм терминдері тек мәдениетімізге ғана емес, әдебиетімізге де бойлап енді. Себебі қазіргі жаһандану заманында өз алдына оқшау даму мүмкін емес, барлық мәдениет бір-бірімен араласып бара жатқаны өтірік емес. Нарықтық, ғылыми-техникалық, постиндустриалды өркениеттер бір-бірімен тоғысып, өзара әсерлесіп, бірін-бірі толықтырып, жетілдіретіні сияқты, деструктивті ақпарат дәуірі әдебиетке де, мәдениетке де солай әсер етіп, жол салады. Постмодернизм әрқашан тірі сананың жемісі. Қоғамды алға жылжыту, сананы сілкіндіру үшін жұмыс істейді. Ол ескі мағынадан жаңа көзқарас, өткеннен жаңа дүние жасауға құмар. Ол әдебиетте, мәдениетте, философияда, қоғамдық формацияның барлық өндіргіш күштерінде өмір сүреді. Постмодернизмді аз сөзбен сипаттап, анықтау оңай емес. Бұл постмодерндік философиялық теорияға қатысты күрделі философиялық және мәдени тұжырымдама. «Постмодернизм- қазіргі философиялық бағыт, жаңа қоғамдық-саяси өмір шындығын жеткізетін көркемдік әдіс, әлеуметтік-гуманитарлық құбылыс, өнердегі, қоғамдағы, тұлғадағы таным тәсілі, таным әдістемесі» [1].

18 ғасырдың ортасындағы модернизм әдебиеті - романтизм, реализм сияқты байырғы әдеби үлгілер аясында немесе оның басқаша бейнелеу тәсілімен жетілдірілген формасы негізінде қалыптасқан бағыт. Ол жаңаша түрленіп, постмодернизм деп аталады. Қарапайым тілмен айтсақ, постмодерндік әдебиет қазіргі әдебиеттің дәстүрлі әдебиетпен үйлеспейтін соқпақтарын бойына сіңіріп, оны жоғары деңгейге көтеріп қана қоймай, дәстүрлі әдебиеттен ерекше бейнелеу тәсілдерін қалыптастыру негізінде дүниеге келді.

«Әр халықтың әдебиетінде көркемдік әдістер, ағым, бағыттар әр кезеңде әрқалай пайда болып, дамып отырады. Кейбір әдістер мен бағыттар басқа топырақта тамыр жая алмайды. Бұл қоршаған ортаның табиғатына байланысты. Ал қазақ әдебиетіндегі қазіргі постмодернизмнің көріністері тұтас бір бағыт деңгейіне көтерілмеген, дараланбаған, сондықтан бүгінгі күні көркем-әдеби ағым ретінде ғана өмір сүріп келеді» [2, 16-б.]. Жалпы постмодернизм туралы жазылған еңбектерді салыстыратын болсақ, әр түрлі ұғым, түсініктерге куә боламыз. Постмодернизм қазақ әдебиетіне енгеннен бері дүниежүзілік әдеби мұрадан хабардар оқырмандар мен әдебиеттанушылардың пікірлері екіге жарылды. Қазақстандағы бұл бағыттағы алғашқы зерттеулердің бастауында тұрған және осы бағыттағы зерттеулермен өзі айналысқан Б.Майтанов, сондай-ақ Ә.Бөпежанова, Л.Сафронова сынды бір топ зерттеушілер осыны жақтайтын бірнеше дәлелдер келтіреді. Олардың пікірі негізінен осы бағытпен таныстыра отырып, жаһандық әдеби үдеріске ілесіп, бір бағытта тұрып қалмау керектігіне негізделген. Соған сәйкес, постмодернизм саласындағы әлемдік тәжірибелерді қазақ әдебиетінің материалдары аясында пайдалану, керісінше, тоқырып қалған әдебиетіміздің тамырына қан жүгіртеді дейді. Сондай-ақ жылдам интернет дәуірінде оқырманды тарту әдісін қарастыру керек және оны постмодернизмнен табуға болатынын уәж етеді.

Профессор Б.Майтанов постмодернизм эстетикасын сол күйімен аласалмай, сүзгіден өткізіп барып қабылдауды ұсынды. Расында да, постмодернизм бұқаралық және элитарлық әдебиеттің арасын теңестіре айқындаса да, көп қабатты стилистикасы мен интертекстуалдылығымен терең білімді қажет ететін интеллектуалдық әдебиет. Мәтіннің қабаттарын ажырата білу, мәтіннің мағынасын түсініп, түсіну үшін де терең білім қажет. Осы ерекшелікті дәлелдеген ғалым Умберто Эко мен Харуки Мураками прозасын талдау негізінде бұл әдебиет ұлттық әдебиетіміздің бір бөлігі ретінде өмір сүруге тұрарлық деген тұжырым жасайды [3,8-96.].

1960 жылдары Батыс елдерінде тамырын жайған бұл үрдіс 1990 жылдары бұрынғы кеңестік және қазіргі ТМД елдерінде талқылана бастады. Әлем әдебиетінен шет қала алмайтынымызды ескерсек, ұлттық прозамызға постмодерндік құбылыстардың да ықпалы бар екені белгілі. Әлемдік әдеби-мәдени үдерістегі модернизмді постмодернизммен ұштастыра қарастыру қазақ әдебиеті ғылымында да көрініс тапты. Бақытжан Майтановтың «Қазіргі қазақ поэзиясы және постмодернизм», «Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар», Ж.Жарылғаповтың «Постмодернизм қандай құбылыс», А.Ісімақованың «Бүгінгі дүниежүзілік әдебиеттану ғылымының мәселелері», «Бүгінгі постмодернизм», Қодардың «Постмодернизм жөнінде бірер сөз», ӘЖ.Шәкеннің «Жаңашыл жастарға жаңа ағым жайында айтар сөз», Г.Елеуенованың «К вопросу о постмодернизме в казахской литературе 1950–1980-х годов XX века», Ә.-С.Әліәкбардың «Постмодернизм қазақ әдебиетінде (Д.Рамазан шығармашылығына қатысты тұстарынан үзінді)», С.Қасымның «Қазақ поэзиясындағы постмодернистік көріністер» т.б. ғалымдардың мақалаларында қазақ әдебиетіндегі постмодернизмнің көріністері қарастырылды [4].

Д.Ысқақ, Г.Пірәлі, Қ.Жанұзақова, Д.Исабеков, Н.Ақыш және т.б. жазушылар мен ғалымдардан құралған екінші тараптың да уәжі салмақты. Олар постмодернизмді ғасырлар бойы жинақталған әдебиеттің көркемдік тәжірибесін жоққа шығаратын, дінімізді мансұқтайтын, рухани құндылықтарды жойып, ұлт ретінде жойылуға соқтыратын жаһандану тудырған бірден-бір «қақпан» деп санайды. Постмодернизм о баста модернизмнің орнын басып, оны жалғастырушы ағым болды, алайда ол шын мәнінде мұрагер бола алмады. Өйткені модернизм дәстүршіл болды. Ал постмодернизм – бұл дәстүршілдікті өз көлеңкесінде қалдыруға тырысатын ағым. Бір сөзбен айтқанда, модернизм үшін дәстүр маңызды болса, постмодернизм оны жоққа шығарады, дәстүршілдіктен бас тартады.

Академик С.Қасқабасов постмодернизм туралы пікірін былайша білдіреді: «Постмодернизм өндірісі жоғары дамыған постиндустриалды елдерде кең таралған. Өйткені, олар ескі классикалық әдебиеттен қол үзді. Біз болсақ, классикалық реализм мен классикалық әдебиеттен ажырай алмаймыз. Одан бас тарта алмайтын себебіміз, бізде постиндустриалды қоғам әлі құрылмаған. Сондықтан постиндустриалдық қоғам болмай тұрып, постиндустриалдық қоғамның өмірін сипаттай алмаймыз. Дегенмен, постмодерндік көзқарасты меңгерген кейбір қаламгерлеріміздің шығармасы тек сыртқы көрініс қана» деп жазады [5, 28-б.]. Профессор Б.Майтанов: «Қазіргі дәуірдегі модернизм мен постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі көріністері тұтас бағыт деңгейіне көтерілмеген, олар өзара ара-жігін де ашып дараланбағандықтан, бүгінгі күн бедерінде көркем-әдеби ағым ретінде өмір сүруде. Орнына қарай дәстүр, үрдіс, көрініс, стиль терминдері қолданылуы мүмкін. Біз бұл үдерісті жылдамдатуға да, кідіртуге де құқылы емеспіз. Тақсыр уақыт пен әдеби тәжірибе негізгі сөздің тұтқасын ұстамақ» дейді [3, 109-б.]. Жазушы-драматург Дулат Исабеков Қамшы порталына былай дейді: «Қала өркениетіне жақын, жаңашылдыққа құмар толқындар келіп жатыр, бірақ қазіргі шығармаларда ерекшелік жоқ. Біздің кезіміздегідей қызығы мол шығармалардың қатары да сиреген. Жазушылардың шығармаларында өз стилі емес, өзгеге еліктеу басым тұрады. Одан кейін сападан гөрі санға көп мән береді. Қала өркениетіне жақын, жаңашылдыққа ұмтылатын жазушылар бар.

Олар, тіпті, өздерін постмодернизм өкілдеріміз деп атайды. Қазақ әдебиетінде постмодернизм жоқ. Біз де формализммен күрескенбіз кезінде. Әркімнің өз стилі бар» [5].

Кафка атындағы сыйлықтың иегері, «Парасат майданы» атты еңбегімен танылған танымал постмодернист жазушы Төлен Әбдіков былай дейді: «Постмодернизм шынымен де ғалымдар мен әдебиеттанушы ғалымдардың зерттеу нысаны. Постмодернизмнің нақты анықтамасы жоқ. Модернизм – өмірлік құндылықтарды жаңаша түсіндіру. Кейде қоғамда рухани дағдарыстар болады, содан кейін модернизм пайда болады. Постмодернизмнің анықтамасы модернизмнен кейінгі модернизм. Басқа ештеңе жоқ. Оның көптеген өкілдері бар. Бірақ жазушы ешқашан модернистік бағытта жазамын деп ойламайды. Шығарма жазғанда тек өзің білетін өмірді қалай жеткізу керек, ол үшін қандай зерттеу керек деген мәселе ғана болады. Зерттеусіз әдебиетте даму жоқ. Мысалы, классикалық суретшілердің «Сурет салғанда өмірді сол қалпында суреттей алмайсың» деген сөз бар. Қалғаны көшірме. Шығармашылық адамның өз өмірлік концепциясы, субъективті пікірі болмаса, бәрі бекер» [6, 82-б.]

Әдебиетте көркемдік шындық басты орында, егер тек болғанды ғана көшіріп жазса, өмірдің көшірмесі ғана боп қалады. Өмірде ойдың тереңдігі бар, рухани дүниенің барлық тетіктерін іштей біліп, тереңіне үнілудің жолы бар. Т.Әбдіктің «Парасат майданы» әңгімесінде постмодернизм элементтері бар. Жалпы өмірде әбден қалыптасып қалған позитивті құндылықтар болады. Постмодернизм бұл ұғымдарға күмәнмен қарайды. Әңгімеде бір- бір адамның екіге жарылуы, бір-бірімен айтысқан екі кейіпкер бар. Екінші адам өз оппонентіне: «Сіз зұлымдықты жек көресіз. Оны жек көруге болмайды. Өмірді дамытушы екі тетік болса, соның бірі зұлымдық. Зұлымдықтың бір символы өлім. Ал, өлім болмаса мына әлемде не болар еді? Аурулар өлмесе, зұлымдар өлмесе жер бетінде тозақ болады ғой. Сондықтан, барлығын тазалап отыратын өлімге рахмет айту керек», – деген пікір айтады. Бір қарағанда, ол негізгі құндылықтарды жоққа шығарғанымен, оларға жаңаша түсінік беретін сияқты. Қазақ әдебиетіндегі постмодерндік бағыттың көрінісі модернизмнен толық бөлінбеген тенденциялық және аралық сипатта деуге болады. Бұл табиғи нәрсе. Бізге постмодернизмнің өзінен бұрын оның дақырты алдымен келген деп ойлаймыз. Өйткені қоғам постмодернистік дәуірдің мәнін сезінбей тұрып, әдеби шығармалар алғаш жазыла бастады.

Жалпы, қазақ әдебиетіндегі постмодернизмнің бастауын Жүсіпбек Аймауытовтың шығармашылығынан байқауға болады. Оның «Елес» әңгімесі қазақ әдебиетінде проза жанрының алғаш даму дәуірінде жазылған. Ол кезде бұл нағыз жаңалық еді. Әңгімеде сол кезеңнің ащы шындығы, сол кездегі жағдай елес кейіпкер арқылы баяндалады. Шығармалардың адам санасын екіге бөліп, дұрыс-бұрыс әрекетке баға беретінін байқауға болады. Бұл адамның жалғыз қалып, өзімен өзі сөйлесіп, өз ісіне жауапты, қателігіне жауап беретін кезеңді суреттеу сияқты. Жазудың «тозақ азабына» түскен кейіпкерге кенеттен елес келеді де, олар шығармашылық пікірталасқа түседі. Аруақ кейіпкердің мойындауға батылы жетпеген ішкі басынан кешкендерін ашады. Әңгіменің соңына қарай аруақ кейіпкерді иемденіп, рухани тазартып, ғайып болады. Аймауытовтың бұл әңгімесінде 20 ғасырдың басындағы Гогольден Чеховқа дейінгі орыс символистерінің ізі көрінетіні сөзсіз. «Елесті» қазақ әдебиетіндегі тылсымдық нышаны бар тұңғыш шығарма деп атауға болады.

Қазақ прозасына тың ойлар мен өрнектер енгізген. Кекілбаев, Д.Исабеков, М.Мағауин, Ә.Тарази, С.Мұратбеков, О.Бөкеев, С.Санбаев, Т.Әбдіков, Ә.Сүлейменов, Қ.Жұмаділов, Қ.Ысқақов, Р.Тоқтаров, т.б. осы кезеңнен бастап жазушылардың адам жанын әр қырынан, әр түрлі көркемдік деңгейде ашуға бағытталған шығармалары жарық көре бастады. Бұл шығармалар қазақ прозасын жанрлық жағынан ғана емес, мазмұны жағынан да байытып, философиялық мәселелерді барынша қозғады.



Модернистер жаһандық әлеуметтік қақтығыстар мен рухани қақтығыстар кезінде адам дүниенің мағынасыздығын және ғылымдағы өзінің жалғыздығын сезінеді деп дәлелдеді. Жалғыздық азабы, адамның өзін қоршаған дүниеден алшақтауы модернизм өкілдерінің шығармашылығында ерекше көрініс тапты. Ол қоғам мен адам арасындағы қайшылық тұрғысынан романтизм эстетикасына жақын болды. Қазақ прозасында адам болмысының қасіретін, адамның дәрменсіздігі мен қорғансыздығын меңзейтін шығармаларда модернистік ұстаным мен романтикалық сипат бір-бірімен тығыз байланысып жатыр. 70-ші жылдардан бастап қазіргі қазақ прозасында кейіпкерлердің екіге жарылу мәселесі заңды түрде жалғасын тапты. О.Бөкеевтің рухани тоқыраған, мазасыз, елес іздеген сезімтал бейнелі кейіпкерлері, сондай-ақ Т.Әбдіқовтың «Оң қол», «Парасат майдан» шығармаларындағы екіұштылықты басынан өткерген «сырқату» кейіпкерлер туралы да осыны айтуға болады.

Ал қазір қазақ әдебиетінде осы бағытта жазып жүрген немесе жазуға талпынған бірнеше есімді атауға болады. Бұлардың сюжеттік жасау ерекшеліктері дәстүрлі прозадан өзгеше. Бұл ерекшелік автордың ұстанымымен, уақыт пен кеңістік рөлімен түсіндіріледі. Орыс әдебиетіндегі ашық жазуға жол бермейтін модернистік баяндау үлгісін қазіргі прозашыларымыз постмодернистік баяндау үлгісіне айналдырды. Атап айтқанда, Жүсіпбек Қорғасбек, Нұрғали Ораз, Асқар Алтай, Дидар Амантай, Роза Мұқанова, тағы басқалар жазушылардың әңгімелерін түсіну үшін олардың постмодерндік бағытына терең үңілуіміз керек. Классикалық әдебиеттегідей сюжетті, композицияны талдаудан алшақтаймыз. Постмодернистер оқиғалар мен образдарды сюжеттен басқаша ұсынып, оқиғаны күтпеген жерде аяқтап, оқиғаның шешімін оқырманның өзіне қалдырады. Тіпті, мысалы, «Дидар Амантайдың әңгімесінде де сюжет іздемеген дұрыс. Себебі, сіз іздеген сюжет бұл әңгімеде жоқ», – дейді Таласбек Әсемқұлов [7]. Қазіргі қазақ прозасында кейбір жазушылардың шығармаларында виртуалды әлемді суреттеу көптеп кездеседі.

Қорыта келе, әлемдік әдебиеттегі постмодерндік ағым үлгісінде жазылған шығармалар бүгінгі отандық әдебиетте де кең тарағанын көреміз. М.Мағауин, Р.Мұқанова, А.Алтай мен Д.Амантайдың жекелеген шығармаларынан постмодернизмнің көптеген элементтерін көре аламыз. Дүниежүзілік әдебиеттен бір саты да қалыспай, тұрақты дамып келе жатқан ұлттық әдебиетіміз көп айтылып жүрген әдеби-эстетикалық, әдеби-көркемдік, әдеби-танымдық ағымдардан шет қалмағанын мақтанышпен айта аламыз, соңғы кездері ұлттық әдебиетімізде де постмодерндік бағыт қалыптаса бастады. Жаһандық мәдени-рухани құндылықтар арқылы төл әдебиетіміздегі жүйелеуден модернистік бағытты постмодерндік стильмен жалғастырудың тың қадамдарын байқаймыз.

Алайда отандық әдебиетіміздегі постмодернистік бағыттың үйреншікті әдеби ұғымдарды тастап, үлкен күшке ие ағымға айналуына әлі ерте. Дегенмен, бұл үрдістің барын көптеген постмодерндік шығармалардың жарық көруінен байқаймыз. Бүгінгі ұлттық әдебиетіміздегі постмодернизм бағытының сипаты мен қазақы санамыздағы ағымның бағыты әлі де өзіндік тұлғасы бар, келешекте жан-жақты зерттелетін өзекті мәселелердің бірі деп ойлаймыз. Қазақ әдебиетіндегі постмодернистік бағыт алдағы уақытта зерттеліп, жүйеленуі тиіс.

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Әліәкбард Ә. «Постмодернизм қазақ әдебиетінде», Әдебиет порталы, 2008 жыл
2. Постмодернизм және мәдениет. Он томдық. I том. – Алматы, 2006.
3. Майтанов Б. Қазіргі қазақ прозасындағы модернистік және постмодернистік ағымдар. // «Қазақ әдебиеті» газеті, 2004. №43. – Б.8-9.
4. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер. – Қарағанды: Гласир, 2009. – 400 б.
5. Исмақова А. «Бүгінгі постмодернизм» атты мақаласында («Қазақ әдебиеттануы». – А., «Елтаным» баспасы, 2015. – 267-б.).

6. Сәулембек Г.Р. Классикалық, модернистік және постмодернистік роман // Материалы международной конференции "Наука и образование". – Прага, 2015. – С. 4245.
7. Әсемқұлов Т. Қазіргі қазақ прозасының бағыт-бағдары. – otuken.kz

## СУЩНОСТЬ ЯВЛЕНИЯ ПОСТМОДЕРНИЗМА И ЕГО ПРОЯВЛЕНИЯ В КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЕ

### Аннотация

В статье разграничиваются значения понятий модернизм и постмодернизм, которые возникли из общественного сознания, и исследуется их значение. Хотя оба течения зародились и сформировались как законное продолжение друг друга, в своем развитии они претерпели существенные изменения. Хотя постмодернизм — особое явление, рожденное в эпоху великих перемен в культуре и обществе, хоть и философская категория, он постепенно вошел в нашу литературу. В начале прошлого века Магжан, Жусипбек, Мухтар, Беймбет создали удивительные произведения благодаря модернистскому методу, который сохраняется и по сей день. На ее основе она развивалась в связи с появлением нового качества психологической науки и подъемом антропологии на более высокий уровень, с другой стороны, возрождением мифопоэтики и ее осмыслением с точки зрения современного мировоззрения. А подняли это направление на высокий художественно-эстетический уровень А.Сулейменов, О. Бокей, А. Кекильбаева М. Магауин, Т. Абдик, А. Кемельбаева.

В истории становления и развития литературы существование и сосуществование различных художественных методов и литературных направлений — явление закономерное. В рамках литературного процесса развиваются в конкуренции различные литературные течения, иногда идут бок о бок, а иногда проявляют свое доминирование - это показывает приоритет литературы в общественной и духовной жизни, что наша национальная литература также находится на переднем крае. стадии развития и сжатия в этом процессе.

**Ключевые слова:** литературный процесс, модернизм, постмодернизм, общественное сознание, традиционализм, формализм, литературное течение.

## THE ESSENCE OF THE PHENOMENON OF POSTMODERNISM AND ITS MANIFESTATIONS IN KAZAKH LITERATURE

### Abstract

The article distinguishes between the meanings of the concepts of modernism and postmodernism, which arose from public consciousness, and explores their meaning. Although both currents originated and formed as a legitimate continuation of each other, they have undergone significant changes in their development. Although postmodernism is a special phenomenon, born in an era of great changes in culture and society, although a philosophical category, it gradually entered our literature. At the beginning of the last century, Magzhan, Zhusipbek, Mukhtar, Beimbet created amazing works thanks to the modernist method, which continues to this day. On its basis, it developed in connection with the emergence of a new quality of psychological science and the rise of anthropology to a higher level, on the other hand, the revival of mythopoetics and its comprehension from the point of view of the modern worldview. A. Suleimenov, O. Bokey, A. Kekilbaeva M. Magauin, T. Abdik, A. Kemelbaeva raised this direction to a high artistic and aesthetic level.

In the history of the formation and development of literature, the existence and coexistence of various artistic methods and literary trends is a natural phenomenon. Within the framework of the literary process, various literary movements develop in competition, sometimes they go side by side, and sometimes they show their dominance - this shows the priority of literature in social and

spiritual life, that our national literature is also at the forefront. stages of development and contraction in this process.

**Keywords:** literary process, modernism, postmodernism, public consciousness, traditionalism, formalism, literary movement.

МРНТИ 16.21.61

Ғалымжанова З.Н.<sup>1</sup> Ақжолова А.Т.<sup>2</sup>  
<sup>12</sup> Баишев Университет

## «ЖҮРЕК» КОНЦЕПТІСІНІҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ СИПАТЫ

### Аңдатпа

«Жүрек» - кез-келген халықтың поэзиясы, кез-келген ақын шығармашылығындағы негізгі өзек. Бұл ақын шығармаларында адамның рухани негізі ретінде көрінеді. Десе де, аталған концептіні когнитивті тұрғыдан, әр халықтың таным-түсінігіндегі «жүрек» концептісінің ұғынылуының ерекшелігін анықтап, лингвомәдени тұрғыдан талдау қазақ тіл білімі үшін де, әлемдік тіл білімі үшін де үлкен олжа. Қазақ менталитетіндегі, қазақы этикеттегі жаугершілік заманнан бері қалыптасқан адамгершілік құндылық бір-біріне қарама-қарсы мәнмен айтылатын жүректі-жүрексіз оппозициясы арқылы көрініс тапқан.

**Түйінді сөздер:** жүрек, концепт, аксиология, семантика, лексикалық мағына, грамматикалық мағына.

"Жүрек" - кеуде қуысының сол жағында орналасқан қанайналым жүйесінің негізгі мүшесі. Бұл жүректің негізгі отбасы. "Жүрек" сөзі де осы мағынада "жүрек" сөзінен шыққан өрнектерде қолданылады. Мысалы: ет жүрегі жанып, жалын жанып, ішімдегі жалын жыпылықтады (Абай); бұл туралы ойлана отырып, жүрегім есінен танып қала жаздады (Ф. Оңғарсынова); қатыгез жан жүрегімді дірілдете ме? (Ф. Оңғарсынова); сізде жүрек те, сал да болған жоқ, Мен оны таба алмадым (Ф. Оңғарсынова); ал тосқа-биік тау, тегіс дала, бүркіттердің жүрегі. .. (К. Нұрлан).

Негізінен адам денесінің "жүрек" бөлігі сөзбе-сөз сирек қолданылады. Тығыз жүрек, дірілдеген жүрек, Жараланған жүрек, Жараланған жүрек және т.б. сөз тіркестерінде жүрек өз мағынасында қолдануды тапты.

Жүрек-көз

Қазақ тілінде:

Жүрек ашылған кезде жарық жарқырайды (Абай).

Орыстар Куда сердце летит, туда око бежит (сөзбе-сөз аудармасы: (сөзбе-сөз аударма: «Жүрегің қайда ұшса, сенің көзің оған қарай жүгіреді»). Осы себепті «жүрекке» тағы бір сезім мүшесі қосылады, ол бірінші болып көреді, содан кейін көзге қарайды. Әрбір «жүрек» өзінің әлем суретін көре алады.

Ағылшын тілінде жүректе болған жайлар ауызбен айтылады:

When the heart is afire, some sparks will fly out at the mouth «жаның ауырғанда ешнәрсені жасыра алмайсың» (сөзбе-сөз аудармасы: жүрегің жанған кезде, аузыңның айналасынан ұшқындар ұшады).

Бәрі бір мұнда да ақпараттардан гөрі, көбінесе сезімді көрсетеді.

Жүрек – бас

Ақыл таза, бірақ жүрек қу.

Кімнің жүрегі жаман, соның ақалы таза емес.

Сондай-ақ, «таза» ақыл адамның жақсы екендігін көрсетпейді, ол үшін «жүрек» «таза» болу керек. Салақ адамдар жайында былай дейді – жүрегі таза, бірақ ақылсыз.

Орыс тілінің әлемдік бейнесінде бас пен жүрек бір-біріне қарама-қарсы қойылған:

Где трудится голова, там труда для сердца мало (Карамзин) (сөзбе-сөз аудармасы: Басы жұмыс істемеген адамның, жүрегін де жұмыс аз) (Карамзин).

Жүрек – тіл (сөз, әңгіме)

Жүректі жылытар сөз – де күн.

Ақын дегенің оңаша ойдың жетімі, Сөйлейді оның не жүрегі, не тілі.

Құры сөз, сондай-ақ ол алдауы мүмкін.

Орыс халқы былай дейді:

Гнило слово от гнила сердца; На словах медок, а на сердце ледок (сөзбе-сөз аудармасы: Шірік сөз, шіріген жүректен келеді. Тілмен тура айтқанмен, жүректе мұз жатады)

Жүрек – тіл (дене мүшесінің бір бөлігі)

Тіл тәтті, ал жүрек таза емес; Тілі тәтті, бірақ жүрегі қара.

Жүрек шіркін сайрап тұр,

Құдай тілді байлап тұр.

What the heart thinks the tongue speaks «жанына не батса, тілінде сол тұрады» (сөзбе-сөз аудармасы: жүрек нені ойласа, тіл соны айтады).

Ағылшын тілінде ойлау үрдісі «жүректе» жазылады. Бас емес керісінше «жүрек» ойлайды, ал тіл оны жеткізеді. Ал орыс тілінде ақпараттар «жүректе» емес жанда сақталады.

Жүрек – бет бейне

Адамның бетіне қарама, жүрегінде не жатқанын біл;

Беті әдемі, жүрегінде жауыздық бар.

Жүрек – жүз

Кімнің жүзі таза, соның жүрегі де таза.

Кімнің жүзі жаман, оның жүрегі де жаман.

Адамның жүзі – жүрегінің айнасы.

Жүзінен жоғалған нәрсе, жүрегіне барып қонады.

Адамның жүзі беттен айырмашылығы «жүрекпен» байланысы болғандықтан ақпараттарды анық айтады. Егер жүзі таза адамның, жүрегі де таза.

Сонымен қатар, қазақ тілінің әлемдік тілдік бейнесінде бет пен жүз бір қарағанда синонимды түсінігі бір болып көрінгенімен айырмашылықтары бар.

Бет – физикалық мүше, оған сенуге болмайды, ақиқаттылығын көрсетпейді.

«Аталған үш тілдегі медициналық терминологиялық лексикада «жүрек» компоненті толық қызмет атқарады. Қазақ тілінде медицинада тілінде «жүрек» концептісіне қатысты қолданылатын мынадай тіркестерді айтуымызға болады: жүрегі айныды; жүрек ақауы, жүрек дүрсілі, жүрек көк тамырлары, жүрек неворзы, жүрек сергіткіш дәрілер, жүрек тұсының ауруы, жүрек соғу, жүрек соғады, жүрек соға бастыды, жүрек облуы, жүрек қысылуы, жүрек қабы, жүрек жарылу, жүрек аурулары, жүрегінің арғы түбінде, жүрек ауруының тәжірибелі маманы, жүректі жиі соғуы, жүректің кеңеюі, жүректің қызметі, жүрек қызметі және т.б. жатқызуға болады» [1,213].

Сөз семантикасы теориясына сүйенсек, сөздің лексикалық және грамматикалық мағыналарын бір-бірімен тығыз байланыста қарастыру керек. М.Оразов екі мағынаның ұштастыра отырып зерттеудің көп нәтиже беретінін, бұл бағытта зерттеу жүргізудің маңыздылығын: «Кез келген сөз грамматикалық жақтан тұлғаланған дейтін болсақ, онда кез келген сөздің лексикалық мағынасы грамматикалық мағынамен астасып жататынын дәлелдеудің қажеті жоқ. Сондай-ақ грамматикалық мағынаны лексикалық мағынадан ажыратып жекелеп зерттеу тек ғылыми абстракцияның ғана қызметі.

Шындығында лексикалық мағынамен ұштаспаған грамматикалық мағына бос сөз», – деп білдіреді [2, 98]. Әсіресе, қос мағынаны ұштастыра отырып, мәтін ішлік талдаулар барысында сөз семантикасының түрлі қырларын ашудың, тілдік бірліктердің семантикасын анықтаудың жеке авторлардың стилін анықтауда тигізетін көмегі үлкен. Сондықтан «жүрек» сөзінің тіркесімдері арқылы олардың контекстік мәні анықталатынын, ол мәнді ашу барысында автордың стильдік ерекшелігін түсінуге болатынын қайталап түсіндірудің өзі артық. Бірақ біз алдымен тілдік қолданыстағы «жүрек» сөзімен келетін тіркестердің кейбір лексика-семантикалық топтарына тоқталуды дұрыс санадық. Солай еткенде бұрыннан бар қолданыстарды жаңа қолданыстардан ажырату оңайға түседі. Қазақ түсінігіндегі адамның ішкі жан-дүниесінің «жүрек» сөзінің тіркесімдері арқылы берілуі: ақ жүрек «ақкөңіл, аңқылдақ»; «таза, жаны таза»; асау жүрек «өркөңіл, батыл»; жан жүрек «адамның ішкі дүниесі, сезімі»; жас жүрек «жас, албырт»; жау жүрек «батыл, батыр», «жүрек жұтқан»; ер жүрек «батыл, қайсар, қайтпас»; ет жүрек «адамның жаны, ішкі дүниесі», т.б. болып жұмсалады.

«Жүрек» сөзін өзге сөздермен тіркестіру барысында адамның жай-күйін суреттеп, көңіл әуеніне бойлаумен қатар, адамның биологиялық қажетін өтеу үшін жасалатын іс-әрекеттерді білдіруге болады. Мысалы: жүрегі айныды «лоқсыды, құсқысы келді; жиіркенді»; жүрегі алқынды «ентікті, қатты соқты»; жүрегі алып-ұшты «әлде қуанды, әлде ренжіді, бей-берекет, әрі-сәрі күй кешті»; жүрегі аттай тулады «қатты толқыды, әлде қуанды, әлде ренжіді, әлденені асыға, алып-ұшып күтті»; жүрегі аузына тығылды «қобалжыды, састы; абыржыды; қорықты, зәресі қалмады, зәресі ұшты»; жүрегі бүлк етпеді «ештеңе әсер етпеді, сезімнен айрылды, сезімсіз күй кешті, ойланбады»; жүрегі дауаламады//дауалады «беттемеді//беттеді; батты//батпады; батылы жетті//жетпеді»; жүрегі дүрсіл қақты «тағатсызданды, әлденені сезінді; ұната бастады»; жүрегі жарылды (жарылып кете жаздады) «қуанды, шаттанды; төбесі көкке жетті»; жүрегі жылыды «мейірленді, мейірімін төкті»; жүрегі жібімеді «жаны ашымады, мейірі түспеді, селт етпеді, қатуланды»; жүрегі зу етті «шошып кетті, қорықты, зәресі қалмады»; жүрегі зырк ете қалды «әлдене жанына жайсыз тиді, қатты әсер етті»; жүрегі көтерілді «жүрегі айныды, құсқысы келді; жүрегі күпті болды, қобалжыды, уайым шекті»; жүрегі қалтырады «қорықты, есі шықты»; жүрегі қарайды «қарны ашты, маңызды тамақ ішкісі келді; жүрегі қарс айрылды «көкірегі қайғы-шерге толды»; жүрегі қобалжыды «жаны жай таппады, мазасызданды». жүрегі қысылды «өкпесі аузына тығылды, дем жетпеді»; жүрегі лоблыды «құсқысы келді, лоқсыды»; жүрегі лүпілдеді «жүрегі жиі соқты, әлденені тағатсыздана күтті»; жүрегімен білді «сезінді, жанымен ұқты»; жүрегімен сезінді «жанымен ұқты, түсінді, жан-дүниесімен қабылдады»; жүрегі мұз болды «көңілі қалды»; жүрегі мұздай болды «қатты сескенді, шошыды»; жүрегін тебірентті «толқытты, қатты әсер етті»; жүрегі тулады «көңілі орнына түспеді, мазасынданды, қобалжыды»;

Қазақтың ұлттық бейнесін білдіретін «жүрекпен» келетін тіркестерге: жүрегі орнықты, жүрегі орнына түсті, жүрегі от боп жанды, жүрегі өрекіпіді, жүрегі сазды, жүрегі селт етпеді, жүрегі су ете қалды, жүрегі суыды, жүрегі сыздады, жүрегі тайдай тулады, жүрегі тас-төбесіне шықты, жүрегі түршікті, жүрегі тілінді жүрегі ұшты, жүрегі шайлықты, жүрегі шаншыды, жүрегін жарып шықты, жүрегіне біз сұғып алғандай болды, т.б. жатады. Бұл санамалаудың әлі де толық емес екенін ескертеміз.

Қатты қайғырды немесе жайсыз, жағдайсыз күй кешті, тым жаман хабар алды секілді жайсыз нәрсенің адамға әсерін білдіру үшін қазақтар: а) жүрегіне қанжардай қадалды деп айтады. Мысалы: Алтыбақанның ырғағымен бір көтеріліп бір төмендеп құлдыраған ән Ажардың жүрегіне қанжардай қадалды (Ғ. Мүсірепов); ә) жүрегі мұздады Мысалы: Сонда ғана оның жұмыстан емес, өлімнен қашқанын артынан бекер іздеп барғаныма өкіндім, жоқ дегенде жауын ала шейіт болмағаны жүрегімді мұздатты-ақ (О. Бөкеев); б) жүрегін тілді

Мысалы: Қаз-қатар келген үш өлім жүрегімді тіліп-тіліп кетті (О. Бөкеев); в) жүрегін шабақтады. Жүрегін әлдекім шабақтап қалғандай болды (О. Бөкеев).

Өлеңдерінің негізі «кірсіз ақыл, таза» «жүректі» тірек етіп жазылғандықтан, қазақ халқының аксиологиялық келбетін қалыптастырудағы ақын орны, оның үні ерекше деуге болады: Мысалы: «Жайнаған таза жүрек, талапты жас; Жүрегінде мін болса; Тазарып жүрек кірінен, Өртейін деп отқа көмдім, т.б. Сонымен қатар, Жүрегі жылы; жүрегі суық; ақ жүрек; кара жүрек, ер жүрек; су жүрек, т.б. сияқты антонимдік тіркестерді Шәкәрім шығармаларынан байқауымызға болады. Мысалы: Ақ жүрекке кезіксең өзге түкке қайрылма, Қылсаң адал еңбек, айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылды адамның. Тең болмас ақ жүрек пен сұм залалкес.т.б. Мұнда «жүректі» ақ жүрекке, яғни тазалыққа теңеген, әрі соған құрылған» [2, 394].

Адамның аксиологиялық мінез-құлқы оның адамгершілік қасиеттеріне берілген бағадан құралады. Яғни қазақ ұғымындағы: аузын ашса жүрегі көрінеді «ақкөңіл, ақ жүрек адал, үлкен жүректі, жаманшылығы жоқ адам» байланысты айтылған өзінен-өзі белгілі. Сол сияқты ыстық жүректі «жақсы қасиетті» білдіретін мағынада қолданылса, кара жүрек «нашар, жағымсыз іс әрекеттерді» білдіретін мағынада қолданатын, нашар адамдарды бейнелеген. Одан өзге өңі қандай кара болса, жүрегі де сондай кара «мысық тілеулі нашар адам, жақсылық емес, жаманшылыққа бейім» дегенді білдіреді. Сондай-ақ қоян жүрек, тас жүрек, су жүрек сияқты тұрақты тіркестердің білдіретін мағыналары – негативті бағаға ие, жағымсыз коннотацияда қолданыс табуда.

«Қазақ менталитетіндегі адамның діни наным-сенімге беріктігін, Аллаға, Алла ісіне, Алла жолына адалдығын жеткізетін тіркес – жүрегі Аллада» [3,395].

Қазақ тіліндегі сөз таптарын жасаудағы «жүрек» сөзінің қызметін саралағанда: жүрек, жүрексіздік, жүректілік, жүрексіздік, жүрекше – зат есім; жүректі, жүрексіз, жүрексіздеу, жүректтей, жүректірек, жүректілеу – сын есім, жүрексіздене – үстеу; жүрексін(-ді) – етістік, жүректен – етістік (етіс формасы), жүрексіну, жүрексініңкіреу – қимыл атауы (зат есім), т.б. Аталмыш сөз арқылы сын есімнің туындауы жоғары екені, метафоралық, ауыспалы мағына тудыруға белсенді түрде қатысатын актив бірлік екені көрініп тұр. Қазақ тілінде «жүрек(-ті)» ыстық жүрек, жұмсақ жүрек, жанжүрек, ет жүрек, т.б. қолданыстардың белсенділігі, әсіресе поэзия тіліндегі жиілігі дау тудырмайды.

Қазақ менталитетіндегі, қазақы этикеттегі жаугершілік заманнан бері қалыптасқан адамгершілік құндылық бір-біріне қарама-қарсы мәнмен айтылатын жүректі-жүрексіз оппозициясы арқылы көрініс тапқан.

Қазақтың ұлттық ерекшелігін білдіретін құмалақтың жүрегі тіркесі «құмалақ салу кезіндегі заттық-ұғымдық мағынаны білдіреді», сонымен қатар бұл тіркесте «ортасы, негізі, тірегі» дегенді де білдіреді.

Абай, Шәкәрімде жиі кездесетін сөздердің біріне «жүрек» жатады, бұл ақындар үшін ақиқатты түйсінудің де, оны өзгеге танытудың да, жеткізудің де тілдік құралына айналған ерекше сөз. Әрине, аталған тілдік тұлғалардың әр сөзді қадірлеп-қастерлегені белгілі, әр сөзді өз орнымен жұмсағаны да рас, ал олардың әр сөздің мәнін жыға танығандығы мойындайтын ақиқат. «Мағынаға малынған» әр сөз «өз қалпында қалып қоймай уақиғаның өзіне біте қайнап қосылып кететін» Абай тіліне қатысты жүрекжарды пікірлерін Қ.Жұбанов, Ілиястар кезінде айтқан-ды. Сөзге жан бітіру, жекелей алғанда бір сөзді түрлі мазмұнмен байыту үшін сөздерді тіркестіру, қосарлау қай ақында болмасын бар. Бірақ ертеден келе жатқан қатып қалған тіркестерге жан бітіріп, мағынасы жағынан шендеспейтін, бейім емес сөздерді тіркестіріп, жаңа мағынамен байытудың жолын ашқан – Дулат. Дулаттың осы өнегесін іліп алып жүре берген Абай және оны ілгерілеткен оның бел шәкірті – Шәкәрім. Шәкәрім кірлі жүрек, жүрек таты, жүрегіне у құйылды деп сөйлегенде «жүрек» сөзі ерекше түрленеді, жаңа экспрессиялық мағынаның тууына ақын осылайша жол таба білген.

Адамның адамгершілік қасиеттері адамның ішкі жан-дүниесінен, ішкі әлемінен құралады. Айталық: аузын ашса жүрегі көрінеді «ақкөңіл, ақ жүрек, адал»; ыстық жүректі «жақсы қасиеттерді», ал қара жүрек, өңі қандай қара болса, жүрегі де сондай қара «жаман қасиеттерді»; қоян жүрек «қорқақтық»; тас жүрек «мейірімсіздікті»; су жүрек «қорқақтықты», т.б. білдіреді. Шәкәрімнен бұл қолданыстардың бәрін де кездестіруге болады. Шәкәрімге дейінгі «жүректің» белсенділігі қандай болғанына Дулат, Абай тілдеріне үңілу арқылы көз жеткізуге болады.

«Сорғалаған нәсердей тұнық жырмен жуынған», «ойменен тон пішкен» Дулат «жүректің» ерекше бір тіркесімін қолданған:

Кең қоныс, еркін өрісті  
 Баяғыдай далаң жоқ;  
 Қорғалап өскен қояндай -  
 Еркімен өскен ерленіп  
 Ел жүректі балаң жоқ  
 Адамның жүрек сенімді  
 Сыр сақтайтын- тұрағы  
 Сүйіп алған сұлу жар  
 Жүрегінің құрағы

Дулат өлеңдерінде кездесетін «жүрекпен» байланысты сөз тіркестерінің бары – осылар. Оның ішіндегі ел жүректі тіркесі су жүректен де, ет жүректен де ерекше қолданыс, елін сүйетін, елі үшін «жүрегі» елжірейтін мағынасын береді, бірақ ет жүректі тіркесінің аналогы, соған ұқсастыра құрастырылғаны көрініп тұр. Қалған екі мысал Дулат стиліндегі өзіндік сипатымен ерекшеленіп тұратын – перифраздар.

Абай тілінде «жүрек» сөзінің қолданыс жиілігі де, мағыналық өрісі де кеңі түскен. Бәлкім, сезім мен көңілдің «жүректен» шығып, «жүрекке» жететіндігінен болар, махаббат сезімінің және «жүрекпен» айтылатын ойлардың лиризм тудыратынындығынан болар, Абай өлеңдеріндегі аталған сөздің қолданысы өте жиі. Абай өлеңдерінде көптеген сөздердің қолданылуы «сарайының» ашыла түскеніне тоқтала келіп, Е.Жанпейісов «Абай бір ғана «жүрек» сөзінің өзін түрлі мағынадағы жиырма шақты сөзбен тіркеске түсіргенін» айтады. «Абай поэзиясының тілінде адамның жан тебіренісін, көңіл толғанысын, «жүрек» лүпілін, сезімінің сан құбылып ойнақшуын көрсететін сипаттамалар, эпитет, метафора және басқа бейнелі сөздер көп кездеседі. Бұл орайда тек «жүрек», көңіл секілді ұғымдарға берілген тың анықтамалар мол екенін айтсақ та жеткілікті. Мысалы: ыстық жүрек, сорлы жүрек, ауру жүрек, жылы жүрек, ынталы жүрек, мұз жүрек, асау жүрек, ет жүрек, жас жүрек, ызалы жүрек, шошыған жүрек, ит жүрек, шын жүрек, сұм жүрек, ақ жүрек, ғаділетті жүрек, өртенген жүрек, өрбіген жүрек, үрпиген жүрек, қапаланған жүрек, айнымас жүрек, жаралы болған жүрек, сөніп қалған жүрек, және т.б. Бұлармен қатар Абай жүректің көзі, жүректің оты ... метафораларды қолданады. Осы эпитеттер мен метафоралардың басым көпшілігі Абайдың өзі шығарған соны, жаңа үлгі-өрнектер» [4, 27], – дейді З.Ахметов.

«Жүрек» сөзінің айқындауыш сыңарының, яғни «жүрек» сөзінің сындық (атрибуттік) компоненттерінің түрлі-түрлі болып келуі сөздің белсенділігі артып, тіркесімділігінің күшейгенін көрсетеді.

Б.Момынованың «Шәкәрім поэзиясының тілі» атты еңбегінде Шәкәрім өлеңдеріндегі «жүрек» сөзінің қолданыс жиілігі Абайдан да жоғары. «Жүрек» және «жүрек» сөзінің өзге сөздермен тіркесуі 70-ке жуық жерде ұшырасады. Атап айтқанда: жаралы жүрек тіркесіне мысал: Ұйқыдан әбден оянып, Жаралы жүрек жамасын; жаралы жүрек талған күн; жаралы жүрегімнен қан тараса; саналы жүрек, шерлі жүрек Мысалы: Саналы шерлі жүректі, сары алтынға малған күн; сау жүрек Мысалы: Сау жүрек тесіле ме оқ батпаса; аптыққан жүрек Мысалы: Аптыққан жүрек басылса, Жүрегің болса таяғақ саз; ақ жүрек Мысалы: Ақ жүрек

пен таза ақыл, Қылсаң адал еңбек, айнымайтын ақ жүрек пен таза ақылды адамның; Ақ жүрек әділдердің қылығы анау, Тең болмас ақ жүрек пен сұм залалкес; Ақ жүрекпен ал кірін; қанеки, ақ жүрекке қайсың жеттің? Мен – ақ жүрек деген сөз босқа шығын, Ақ жүректі таза адам болса кем-кес; Тәңір жолы – ақ жүрек, Сайтан – деген киянат; Ауыз сөз ақиқатты неге аяйсың, Жүректі Ақ жүрекке кезіксең, өзге түкке қайрылма; Ақ жүрекпен айтқанға мал шыға ма? Менің биім – өзіңнің ақ жүрегің тұр шайқалтып; жүрек ындызы Мысалы: Тазалап жүрек ындызын, Нәрестедей жас едім, Жүректегі дертімді білер еді өсекке ермей, менімен болсаң сырлас, таза жүрек Мысалы: Жайнаған таза жүрек, талапты жас; Жүрегі таза есті жан; жалғыз жүрек Мысалы: Жүрегің жалғыз болса да, Ащы тілмен емдейім; ет-жүрек Мысалы: Мейірімді ет-жүрегін тас қылады, елді сынап, өз мінін елемейді), өлі жүрек Мысалы: Өлі жүрек, өзімшіл, күншіл мұңдар!; әділетті жүрек Мысалы: Әділетті жүрегің бір қозғалмақ, Жек көрсе, жиіркеніп дірілдемек; от жүрек Мысалы: Өртейіндеп отқа көмдім, От жүрегім жанбады), т.б. «Жүрек» сөзін процессуалдықты білдіретін етістіктермен тіркестіру барысында бұрын-соңды айтылмаған әрекеттердің суреті жасалып, түрлі қимыл-қозғалыстар жасалады: жүректі тілу «жүрегім тілінді емес», жүректі тас қылу «тас жүрек емес», жүректі ағарту «ақ жүрек емес», жүректі жұлып алу, жүрек жыбырлау «жүрек соқты емес», жүректі жуу, т.б.

«Метафоралар дәстүрлі және индивидуалды метафоралар болып бөлінеді. Шәкәрімдегі «жүрек» сөзімен келетін бұрыннан белгілі және өзі қолданысқа енгізген метафоралар көп. Олардың: дәстүрлі түріне: жүрегім тұр жыбырлап, ақ жүрек, жүректі тесіп, жүрегіңді қылмай тас, жүрекке әсер ету, ет-жүрегін тас қылады, жүрегіңнің дерті бар, аптыққан жүрек басылса, жүректен шыққан назымды, жұлып алсам жүрегің, өтеміз де жүректі қайғы тесіп, елжіретіп жүрегің т.б. Индивидуалды түріне: жүрегіңде болса тат, жүрек кірі, жүректі арақ ішкен мимен жуу, жүрегің болса тайғақ саз, жүректі ағарту, тазалап жүрек ындызын, жүрегіңнің тілі жок, жүрегіңе төгіп у, т.б.жатады» [5, 144].

#### Пайдаланған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Бас ред.Ысқақов. – Алматы, 1986. – Т.4. – 626 б.
2. Момынова Б.К. Шәкәрім поэзиясының тілі. – Алматы: Арыс, 2008. – 144б.
3. Оразов М. Сөз теориясы. Ташкент, 1985. – 220 б.
4. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы.; бірінші том, өлеңдер мен аудармалар /Алғысөзі З.Ахметовтікі/. Алматы, Жазушы, 1995. – 850 б.
5. Қоңыров Т. Қазақ теңеулері. Алматы: Ғылым, 1978.

#### ЛИНГВОКУЛЬТУРНЫЙ ХАРАКТЕР ПОНЯТИЯ "СЕРДЦЕ"

##### Аннотация

«Сердце» - поэзия любого народа, главный стержень в творчестве любого поэта. Это проявляется в произведениях поэта как духовная основа человека. Тем не менее, анализ данного концепта с когнитивной точки зрения, с лингвокультурной точки зрения, выявивший специфику понимания концепта «сердце» в познании каждого народа, является большой находкой как для казахского языкознания, так и для мирового языкознания. Нравственная ценность казахского менталитета, казахского этикета, сложившаяся с незапамятных времен, выражалась через сердечно-бессердечную оппозицию, выраженную в противоположных смыслах.

**Ключевые слова:** сердце, концепт, аксиология, семантика, лексическое значение, грамматическое значение.



## THE LINGUISTIC AND CULTURAL NATURE OF THE CONCEPT OF "HEART"

## Abstract

«Heart» is the poetry of any people, the main core in the work of any poet. This is reflected in the works of the poet as the spiritual basis of man. However, the linguistic and cultural analysis of this concept from a cognitive point of view, identifying the specifics of the understanding of the concept of "heart" in the understanding of each nation is a great find for both Kazakh linguistics and world linguistics. In the Kazakh mentality, in Kazakh etiquette, the moral value that has been formed since the time of hostilities is expressed in a heartless opposition to each other, expressed in opposite meanings.

**Keywords:** heart, concept, Axiology, semantics, lexical meaning, grammatical meaning.

МРНТИ 16.21.47

Джуманова Ш.А.<sup>1</sup>, Исина Ж.А.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Баишев университеті

[zhannur\\_8383@mail.ru](mailto:zhannur_8383@mail.ru)

## ТІЛ БІЛІМІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК БЕЛГІЛЕРІ МЕН ТІЛДІК БІРЛІК РЕТІНДЕ ТАНЫЛУЫ

## Аңдатпа

Мақалада зерттеулер негізінде фразеология тіл білімінің саласы ретінде мектеп бағдарламалары мен жоғарғы оқу орындарында оқытылып, тілдің фразеологиялық құрамына құрылымдық-семантикалық, грамматикалық, функционалдық-стистикалық тұрғыдан топтастырулар жасалынды. Сонымен қатар фразеологизмдердің этимологиясына көңіл аударылып, олардың шығу төркініне диахрондық тұрғыдан талдаулар жасалып, көненің көзі болып табылатын тарихи фразеологияның пәні зерттеу нысандары айқындалды.

**Түйінді сөздер:** фразеология, стилистика, этимология, тілдік жүйе, тіл теориясы.

Фразеологизмдердің негізгі қасиеттері – оны бөліп даруға келмейтіні және идиомалығы мен тұрақтылығы. Фразеологияның дамып, қалыптасуының осы бірінші кезеңінің негізгі мақсаты – фразеологияның нысанын анықтау, сөз және сөз тіркестерінен ерекшелігін белгілеу.

Фразеологияны тілдік жүйенің құрамдас бөлігі ретінде, құрылымдық және мағыналық жағынан ерекше қасиетке ие тілдік бірлік ретінде тану негізгі ғылыми дәйектеме болып табылады. Фразеологияны зерттеуші Ресей тілші ғалымдарын XX ғасырдың алпысыншы жылдарының өзінде әлемдік лингвистикада алдыңғы қатарлы орындарға көтерді.

XX ғасырдың жетпісінші жылдарының ортасы мен сексенінші жылдардың басында фразеологияны зерттеуші ғалымдар оның мазмұндық және функционалдық жақтарын қарастыруға ұмтылды. Осы кезеңдерде фразеологизмдер мағынасының «объективті мазмұнындағы» бағалағыштық-экспрессивтік қасиеттер мен стилистикалық бояулардың мағыналық ерекшеліктері жан-жақты қарастырылды.

«Фразеология даму сатысының келесі кезеңінде, яғни XX ғасырдың соңғы бес-он жылдығында ішкі форма жасаудың тәсілдері, соның негізінде зерттеудің синхронды-салғастырмалы аспектілері дүниеге келді (А.Д. Райхштейн, Ю.С. Солодух).

Бұл тұрғыдан зерттеудің негізгі мақсаты – құрылымы жағынан әртүрлі тілдердің фразеологиялық материалдары жиынтығынан олардың бейнелілік негізінде жатқан тепе-теңдік немесе ұқсастық жақтарын диахрондық тұрғыдан зерттеу болып табылады (В.М. Мокиенко және оның шәкірттері)» [1,64].

Қазіргі кезеңде фразеология өз бойына жаңа нысана мен жаңа бағыттар жинақтауда. Бұл тұста фразеологизм таңба ретінде қарастырылып, тілдік таңба табиғатына сәйкес коммуникативтік актіге қатынасын, тіл және сөйлеуде өзіндік функциясы бар ұлттық-мәдени сипатымен ерекшеленетін тілдік бірлік ретінде фразеологизмдердің мағынасындағы объективтік және субъективтік факторларының арақатынасын зерттеу жолға қойылып отыр.

XX ғасырдың орта шенінде Қазақстан топырағында І.К. Кеңесбаев мектебі мен оның шәкірттері тұсында дүниеге келген фразеология проблемасы бүгінгі таңда оның нысаны, материалдары, қолдану аясы мен функциясы тұрғысынан әр түрлі аспектіде зерттелуде. Қазақстан фразеология тілдің фразеологиялық құрамын зерттейтін тіл білімінің саласы, тілдегі фразеологизмдер жиынтығы, сонымен қатар қандай да бір автордың қаламына тән фразеологизмдердің стильдік қолданысы мен жергілікті диалектизмге тән фразеологизмдер ретінде зерттелді.

«Осы зерттеулер негізінде фразеология тіл білімінің саласы ретінде мектеп бағдарламалары мен жоғарғы оқу орындарында оқытылып, тілдің фразеологиялық құрамына құрылымдық-семантикалық, грамматикалық, функционалдық-стилистикалық тұрғыдан топтастырулар жасалынды. Сонымен қатар фразеологизмдердің этимологиясына көңіл аударылып, олардың шығу төркініне диахрондық тұрғыдан талдаулар жасалып, көненің көзі болып табылатын тарихи фразеологияның пәні зерттеу нысандары айқындалды» [2,32].

Қазақ тіл білімінде фразеологизмдердің этимологиясын ашатын арнаулы лексикографиялық еңбектер болмаса да, Ә.Т. Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке», Р.С. Сыздықтың «Сөздер сөйлейді», Ә. Нұрмағамбетұлының «Бес жүз бес сөз» сөздіктерінде кейбір фраземалардың этимологиясына лингвистикалық талдаулар жасалынған. Фразеологизмдердің этимологиясы мен жасалу көздерімен тығыз байланыста жатқан этнопсихологиялық және мәдени-танымдық аспектіде фразеологизмдердің зерттелуі кейінгі онжылдықта академик Ә.Т. Қайдар мен оның шәкірттерінің еңбектерінде көрініс табуда. Қазақстан топырағында дүниеге келген, қазіргі таңда әлемдік тіл білімі саласында өзіндік орны бар профессор М.М. Копыленконың фразеотіркес (фразеосочетание), яғни фразеология объектісі болып табылатын – «лексемалар тіркесі» концепциясы мен осы бағыттағы ғалымның шәкірттерінің еңбектері мен ғылыми монографияларының фразеология теориясын қалыптастырудағы маңызы зор.

Жалпы Қазақстан тіл білімінде фразеологияның алатын орны ерекше. Оның дәлелі – кейінгі кезде жарық көрген зерттеулер мен ғылыми диссертациялардың қорғалу санының жиілігі. Ауыз толтырарлық зерттеулер тек қазақ тілінің фразеологиялық қорымен ғана шектелмейді, олардың санын Қазақстанда тұратын жеке халықтар тілдері (ұйғыр тілі, корей тілі, түрік тілі, неміс тілі және т.б.) бойынша және орыс тілі фразеологиялық материалы негізінде жасалған зерттеулер толықтырса, қазақ тілінің туыстас түркі тілдерімен салыстыра зерттеген салыстырмалы-тарихи аспектіде жазылған диссертациялар бір төбе. Осы зерттеулер санына роман-герман тілдері мен орыс тілдерін немесе қазақ тілдерін салғастыра зерттеген типологиялық аспектідегі еңбектер де кіреді. Әсіресе, соңғы екі-үш жыл шамасында салғастырмалы-типологиялық тұрғыдағы фразеологизмдердің зерттелуін – тіл теориясын дамытудағы осы салаға қосылған үлес деп бағалауға болады.

Алайда фразеологизмдер жеріне жеткізе зерттеліп біткен ғылым деп айтуға болмайды. «Мұның шешілмеген даулы мәселелері өте көп. Сондықтан да соңғы 15—20- жылға дейін мұны жеке пән ретінде арнайы зерттеушілер тым аз болды. Қөбінесе лексикалық қор ретінде сөз байлығы деген топқа жатқызып, лексиканың көлемінде тексерумен шектеліп келгендігі

мәлім. Соңғы 20—25 жыл көлемінде түркі тілдерінде фразеология проблемалары жан-жақты зерттеліп, қыруар еңбектер жарық көрді.

Әсіресе, академик І. Кеңесбаевтың «Қазақ тілінң фразеологиялық сөздігі» атты көлемді еңбегі тек қазақ тілінде ғана емес, бүкіл түркологияға қосылған елеулі үлес деп қарауға болады» [3]. Автор аталған сөздіктің «Қазақ тілінің фразеологизмдері туралы» атты бөлімінде қазақ тіліндегі фразеологизмдердің теориялық мәселелерін жан-жақты қарастырып, біраз ілгері дамытқан. Біз осы бөлімді жазу барысында сол еңбекке сүйене отырып, соны теориялық арқау етіп жаздық.

Фразеологизмдер өз алдына дербес лингвистика саласы екендігін танытатын негізінен үш түрлі басты белгісі бар. Олар

- 1) даяр қалпында жұмсалыу белгісі,
- 2) мағына тұтастығы,
- 3) тіркес тиянақтылығы.

Осы үш белгіні еркін түсіну үшін әрқайсысын жеке-жеке алып қарайық. Фразеологизмдердің даяр қалпында жұмсалыу белгісі еркін сөз тіркесімен салыстырғанда айқын байқалады. Мәселен, Дәурен қалаға жүрейін деп отыр деген бір сөйлемді әркім неше саққа жүгіртіп, өзгерте беруіне болады. Мысалы; Дәурен қалаға жүрмекші, Дәурен жақын арада қалаға бармақшы, Дәурен қалаға барам ба деген ойда, Дәуреннің қалаға жүрем бе деген ойы бар т. б. Бұл сияқты еркін сөз тіркестері қатынас жасау процесінде әркімнің өз қалауы бойынша жасалады. Белгілі бір ойды кім қалай етіп жеткізсе де еркі бар деген сөз. Ал тілдегі фразеологизмдер бұлай етуге, құбылтуға көнбейді. Мәселен, төбесі көкке жетті дегенді төбесі көкке жетейіндеп тұр, төбесі көкке жетпекші деп өзгертуге болмайды. Бұлардың сыртқы құрылым-құрылысы еркін тіркеске ұқсағанымен, сөйлем ішінде қолданғанда біртұтас даяр күйінде жұмсалады. Ешкімнің ырқына көнбей, даяр тұрған құрылыс материалы ретінде қызмет етеді де, сол қалпында сөйлемнің құрамына енеді. Еркін сөз тіркесінің әрбір сыңары мағыналық дербестігін сақтап, сөйлемде әр басқа мүше ретінде жұмсалады. Синтаксистік сөз тіркесі белгілі бір үлгілер (модельдер), формулалар бойынша сөйлеу кезінде жасалады. Еркін тіркес пен фразалық тіркесті бір-бірінен ажыратудың түрлі амалдары да болады. Мысалы:

Ерке дүкеннен 40 пышақ сатып алды.

Қырық пышақпен қыржындап тұрған түлкі, о да осал жау емес қыранға (Абай). Екі сөйлемдегі қырық пышақ деген тіркестің алғашқысы — еркін тіркес те, соңғысы — фразалық тіркес. Алғашқы сөйлемде қырық, деген сан есім өзінің төрт оннан құралған сандық ұғымды тікелей білдіреді. Мұндағы қырық деген сөз пышақтың сан мөлшерін көрсетіп тұр. Соңғы сөйлемде бұл сөз (40) өзінің сандық ұғымынан біржола қол үзіп, фразеологиялық байлаулы мағынаға ауысқан. «Еркін тіркесте тіркескен сөздердің арасына басқадай сөз салып, өзгертіп айтуға, я болмаса, түрліше сұрақ қоюға көнеді. Мәселен, алғашқы сөйлемдегі қырық пышақ, деген тіркесті қырық күміс пышақ деп өзгертуге, пышақтың санына қарап, «Қанша?» деген сұрау қоюға болады. Ал соңғы сөйлемдегі қырық пышақ, деген тіркес мұндай өзгерістің ешқайсысына көнбейді. Оның есесіне фразалық тіркестің белгілі бір синонимдік баламасы болады. Мәселен, соңғы сөйлемдегі қырық пышақ деген тұрақты тіркесті қырқысу, аңдысу, жесісу дегендермен алмастыруға болса, алғашқы сөйлемдегі еркін тіркесте мұндай балама атымен кездеспейді» [4,19]. Тура мағынадағы сөз шындық болмыспен тікелей байланысты болады да, контексте тұрса да, тұрмаса да өзінің заттық логикалық қатынасымен белгіленеді. Ал фразалық байлаулы мағынадағы сөздер әрдайым белгілі контекстке телінді, бағынышты болып тұрады.

Оң көз бен оң қол дегендерді түсіну үшін де пәлендей контекстің қажеті жоқ. Өйткені бұлар өзінің тура (заттық) мағынасында жұмсалып тұр. Ал «менің оң көзім де, оң қолым да бір өзіңсің» десек, мұндағы оң көз бен оң қол дегендер туынды мағынада қолданылып, фразеологизмге айналған.

Бұлар сенімді серік, адал да мықты жәрдемші дегендермен баламалық қарым-қатынасқа түседі. Сондықтан, фразалық байлаулы мағынадағы сөздер өзіне лайықты белгілі контексті талап етіп тұрады.

Фразеологизмдер бір бүтін единица ретінде қолданылуы жағынан лексикалық единица — сөзге ұқсайды. Жалаң сөз де, күрделі сөз де сөйлеу кезінде жасалмайды, даяр тұрған құрылыс материалы ретінде сөйлемнің құрамына енеді. Мәселен, бала, балалы, балалық, балалау, бала-шаға, балажан, балажандық, балалы-шағалы тәрізді сөздер сөйлемнің құрамына енгенде бұлар түбір морфема, аффикстік морфемаға жіктелмейді, әрқайсысы бір бүтін единица ретінде жұмсалады. Фразеологизмдерді дәл осы сияқты құбылыс деп тану керек. Бұлар бірнеше сөздердің тіркесінен құралғанымен, тілдің қазіргі қалпы тұрғысынан дербес мағыналық бөлшектерге бөлінбейді, сөйлегенде тұтас күйінде қаз-қалпын бұзбай қолданылады. Мысалы: жер аяғы кеңіді, жерге қаратты, жерден алып, жерге салды, жер-жебіріне жетті, жерден жеті қоян тапқандай, жер-көкті басына көшірді, жер ортасына келген адам, жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты, жер-көкке сыйғызбады, т. б. Бұлар құрылым-құрылысы жағынан қаншалықты күрделілігіне қарамастан сөйлем ішінде әрқайсысы жеке сөздермен бірдей, теңесіп тұрады. Мәселен, қыздың жиған жүгіндей деген фраза—әсем, көркем көрікті деген синонимдердің біреуімен пара-пар, ит терісін басына қаптады деген — ұрысты, балағаттады, сөкті, дегендердің орнын басып, сөйлемнің бір мүшесінің қызметін атқарып тұрады.

Сөз бен фразеологизмдердің арасында да бірінен біріне ауысып жататын өтпелі қарым-қатыстық байланыстар болады. Тұрақты тіркестер мен күрделі сөздер о баста сөз бен сөздің тіркесуі арқылы келіп шықса, фразеологизмдердің кейбіреулері кей жағдайда қос сөз бен біріккен сөзге айналып кететіндері болады. Мәселен, түйетабан, мысыққұйрық, атқұлақ, кәріқыз, отағасы, ақсақал, жандайшап, атқамінер, атамекен, аткөпір, ауызекі, ауызба-ауыз, қырып-жою, өліп-өшу, күйіп-пісу, сүйіп-құшу, ат-сайман, атарман-шабарман, жатпай-турмай, өліп-тіріліп сияқты біріккен сөздер мен қос сөздер идиомалану, лексикалану, грамматикалану заңымен даму, өзгеру процестерін басынан өткізді. Қазіргі кезде бұлар лексика-грамматикалық жағынан біртұтас, ритм ырғағы жағынан бірыңғай болып барып фразеологизмдерден күрделі сөзге айналып кеткен.

Олай болса, күрделі сөздерді жалаң сөз бен тұрақты тіркестерді өзара байланыстырып тұратын дәнекер (көпір) деп есептеуге болады. Күрделі сөздер жалаң сөзбен де, фразеологизмдер мен де екі жақты байланыста болады. Өйткені есім фразеологизмдер мен күрделі сөздері бір үлгімен (модельмен) жасалады. Мысалы: жел аяқ, жел бау, жел буаз, жел бұйда, жел көз, жел қайық, жел көңіл, жел қуық, жел құйын, жел құяң, жел өкпе, жел сөз, жел диірмен, т. б. «Осылардың бәрі бір үлгімен жасалғанымен, мән-мағыналары бірдей емес, бұлардың біреулері күрделі сөзге (желбау, жел қайық, жел диірмен), енді біреулері фразеологизмдерге (жел аяқ, жел буаз, жел көңіл, жел құйын, жел сөз, жел өкпе) жатады. Ал қайсыбіреулерінің (жел бұйда, жел көз, жел құяң, т. б.) қайда барары күмәнді болып тұрады. Бұларды түр-тұрпатына қарап бәрін бір категорияға жатқызу ғылыми жағынан дұрыс шешім болмайды»[6,76]. Демек, күрделі сөздер мен фразеологизмдерді өзара жіктеп бөлу үшін бұлардың әрқайсысына тән өзіндік белгілерін жете тани білу керек деген сөз.

Фразеологизмдердің өзіндік екінші белгісі — мағына тұтастығы. Фразеологизм біткеннің бәрінде де белгілі бір меншікті мағынасы болады. Ол мағына тұрақты тіркесті құрастырушы сыңарлардың мағыналарына сәйкеспейді, оларға тәуелсіз, өздігінен өмір сүреді. Мәселен, жерден жеті қоян тапқандай дегеннен қатты қуанды, шаттанды дегенді түсінеміз. Бұл мағына жер, жеті, қоян, табу деген төрт сөздің бір де біреуімен байланыспайды, бірақ сол төрт сөздің қаз-қатар жұптасып қолдануы арқылы пайда болады. «Фразеологизмдер бір бүтін единица ретінде қолданып қана қоймайды, мағыналық жағынан да біртұтас единица ретінде көрінеді.

Мысалы: кір жуып, кіндік кескен жер (атамекен, туған жер), екі аяғын бір етікке тықты (тықсырды, састырды), инемен құдық қазғандай (бейнеті көп, өте ауыр), шаш етектен (көп, мол), аттың жалы, түйенің қомында (асығыста, қарбаласта) дегендердің, бәрі де құрылым-құрылысы жағынан түрлі-түрлі болғанымен, әрқайсысы мағына тұтастығымен сипатталады. Фразеологизмдердің мағына тұтастығын жеке сөзбен нақ бірдей деп санауға болмайды» [7,79]. Сөз түбір мағынаны, яғни лексикалық мағынаны білдіреді. Ал фразеологизмдер әрқашанда туынды мағынада жұмсалып, сөзбен баламалық қатыста емес, жанамалы байланыста тұрады. Зерттеушілер қазіргі кезде сөз бен еркін тіркес мағынасын лексикалық мағына, ал жанамалық қатыста болатын тұрақты тіркестердің мағынасын фразеологиялық мағына деп жіктеп бөледі. Мәселен, біреулердің басының көлеміне қарап, үлкен бас, кіші бас немесе басы үлкен, басы кіші деуге болады. Мұндағы үлкен мен кіші дегенде ешқандай эмоциялық бояу жоқ. Сөздің дәл ұғымын көрсетіп тұрады. Осы ұғымды фразеологизмдермен де білдіруге болады. Мысалы, бастың үлкенін — қауға бас, кішісін — шақша бас десек, онда бастың соншалықты үлкен, я кіші екендігін білдірумен қатар, оған күшті эмоциялық мән жамайды. Сөйтіп біреулердің ар-намысына тиіп, ашу-ызасын келтіретіндей жағдай жасайды. Сол сияқты кісілердің аузына қарап біреуін — дорба ауыз, екіншісін — оймақ ауыз десек те жағымды-жағымсыз көзқарас пайда болады. Олай болса, жеке сөздің лексикалық мағынасы мен тұрақты тіркесін, фразеологиялық мағынасы бір-біріне теңбе-тең балама болмайды деген сөз. Жеке сөз де кейде ауыс мағынада қолданылып, бейнелі мәнге ие болады. Мысалы: Жылқының жылқысы бар, Қазанаты бір бөлек. Жігіттің жігіті бар Азаматы бір бөлек (Мақал). Осындағы азамат деген сөз қатардағы жәй жігіт емес, адамгершілігі мол, парасатты ерекше кісі дегенді бейнелеп көрсетіп тұр. «Жеке сөздердегі бұл сияқты бейнелілік мағына анда санда елең етіп, бір көрініп қалатын сирек құбылыс деп танылады. Ал фразеологизм біткеннің бәріне тән басты белгі туынды мағынада жұмсалып, әрдайым бейнелі мән тудырады. Фразеологизмдердің мағынасында жағымды немесе жағымсыз әйтеуір бір экспрессивті реңк болады. Сөз бен тұрақты тіркестердің айырықша көзге түсетін бір ерекшелігі осында» [8,81].

Тіркес тиянақтылығы да фразеологизмдердің ең негізгі белгілерінің біріне жатады. Тиянақты сөз тізбегіндегі сөздер әркімнің қалауынша емес, қалыптасқан белгілі жүйемен орналасады. Өзара тығыз жымдасып орналасқан сөздердің жігі ажыратылмай тұрады. Олар бір-бірімен иін тіресіп, өзге сөзбен алмастыруға я болмаса, тұрақты орын тәртібін өзгертуге келмейді. Мәселен, мұрнын көкке көтерді дегеннің орнына қолын көкке көтерді десек, мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді. Тұрақты тіркес еркін тіркеске айналып кетеді. Ал көк деген сөздің орнына оның синонимі аспан сөзімен ауыстырсақ (мұрнын аспанға көтерді), мағына тұтастығы онша бұзылмағанымен, стильдік мәні солғындап, үйлесімі кемиді, құлаққа жағымды тимейді. Көтерді деген етістікті көтермеді, көтеріп тұр, көтермейікші дегендей түрлендіріп, өзгерте беруге де көнбейді. Тек өзінің сіресіп қалыптасқан қалпында қолдануды талап етеді. Сол сияқты бармағын тістеді деудің, орнына саусағын тістеді десек, фразеологиялық мағынасынан ажырап, басқаша мән алады. Сондай-ақ санын соқты деген тұрақты тіркестің құрамындағы сан деген сөздің орнына тізе немесе бас деген сөздер қолданылмайды. Қолданыла қалған күнінде тұрақтыдан еркін тіркеске ауысады.

Кейде тұрақты тіркестің құрамындағы бір сөздің әр түрлі формасынан әлденеше фразеологизмдер жасала беруі де мүмкін.

Мысалы, жамбасы жерге тигенше (өле-өлгенше), жамбасы жерге тиді (өлді, жер жастанды), жамбасы жерге тимеген (ешкімнен жығылып көрмеген, күшті). Кей ретте жалғыз дыбыстың бір өзі--ақ тұрақты тіркестің мән-мағынасын бүтіндей өзгертіп жібереді. Мәселен, тіл тиді дегеннен сұқ, өтті, көз тиді дегенді түсінсек, тілі тиді болса, біреуді біреу балағаттап сөкті, тілдеді болып, мүлдем басқаша мағынаға ауысады. Сол сияқты іш тартты, ішін тартты, ішіне тартты дегендердің сыртқы құрылым-құрылысы бір-біріне соншалықты жақын болғанымен, мән-мағынасында елеулі айырмасы бар [9,83].

Ауызға ілікті мен ауызға ілінді, ауыз ашты, ауыз ашпады, аузын ашырмады дегендердің бәрі де өз алдына жеке-жеке фразеологизмдер деп есептеледі. Бұл жағынан қарағанда фразеологизмдердің орын тәртібінің тұрақтылығы сөздің морфемалық құрамының тұрақтылық сипатымен бірдей деп есептеуге болады. Жоғарыдағы аталған үш түрлі белгі (тұрақтылық, тұтастық, тиянақтылық) арқылы фразеологизмдер тілдің өзінде категорияларынан оқшауланып, өзіндік бітім-бейнесімен дербес өмір сүреді.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қалиев Ғ, Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы: «Сөздік- Словарь», 2006.-264 б.
2. Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы, 1965. – 600 б.
3. Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы, 1998.
4. Копыленко М. М. Основы этнолингвистики / М. М. Копыленко. – Алматы: Евразия, 1995. – С. 19.
5. Саркенова Қ.Қ. Қазақ фразеологизмдерінің стильдік саралануы. ҚДА.Алматы, 2001.-24 б.
6. Виноградов В. Основные понятия русской фразеологии как лингвистической дисциплины. Москва: «ВШ», 1966.-210 стр.
7. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі.- Алматы, Ғылым, 1977. -712 б.
8. Исаев. С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. –Алматы: «Рауан», 1998.-230 б.

### ПРИЗНАНИЕ ФРАЗЕОЛОГИЗМОВ В ЯЗЫКОЗНАНИИ КАК СВОЕОБРАЗНЫХ ПРИЗНАКОВ И ЯЗЫКОВОЙ ЕДИНИЦЫ

#### Аннотация

В статье на основе исследований фразеология как отрасль языкознания изучается в школьных программах и вузах, разработаны структурно-семантические, грамматические, функционально-стилистические группировки фразеологического состава языка. Также было уделено внимание этимологии фразеологизмов, проведен диахронический анализ их происхождения, определены объекты изучения предмета исторической фразеологии, являющейся источником древностей.

**Ключевые слова:** фразеология, стилистика, этимология, языковая система, теория языка.

### RECOGNITION OF PHRASEOLOGICAL UNITS IN LINGUISTICS AS PECULIAR FEATURES AND LINGUISTIC UNITS

#### Abstract

In the article, on the basis of research, phraseology as a branch of linguistics was studied in school programs and universities, and structural-semantic, grammatical, functional-stylistic groupings of the phraseological composition of the language were developed. In addition, attention was paid to the etymology of phraseology, a diachronic analysis of their origin was carried out, and the objects of study of the subject of historical phraseology, which is the source of antiquity, were identified.

**Keywords:** phraseology, stylistics, etymology, language system, language theory.

МРТНИ 17.09.91

**Жанұзаққызы Ақбота***Баишев университеті*[zhanuzak2002@internet.ru](mailto:zhanuzak2002@internet.ru)**ӘДЕБИЕТ САБАҚТАРЫНДА МОНОГРАФИЯЛЫҚ ТАҚЫРЫПТАРДЫ ОҚЫП-ҮЙРЕНУ. (А КӨШІМБАЕВТЫҢ АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР ӨМІРБАЯНЫН ОҚЫП ҮЙРЕНУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК ОЙЛАРЫ)****Аңдатпа**

Мақалада қазақ әдебиетін оқытудың әдістемесі тарихының бастауында тұрған ғалым-әдіскер Атымтай Көшімбаевтың монографиялық тақырыптарды оқып-үйрену бағытындағы әдістемелік ойлары талданады. Ақын-жазушы өмірбаянын оқытудың ерекшеліктері мен артықшылықтары тұжырымдалады. Жалпы білім беретін орта мектептің жоғары кластарында оқылатын монографиялық тақырыптарды оқытудың іргелі негізін қалаған әдіскердің ой-пікірлері бүгінгі күнге дейін маңызын жоймағандығы, өзектілігін пайымдалады. Тақырыпты оқытудың ғылыми-теориялық салмағы, көтеретін жүгінің ауқымдылығына байланысты бүгінгі мектеп мұғалімдеріне де берер тағылымы зор. Оқушы білімін жетілдірудің жолдары, пән мұғалімінің ескеретін тұстары талқыланады. Басқа да ғалымдардың әдіскер А.Көшімбаевтың ойымен ұштасатын пікірлері бірге қарастырылады.

**Түйінді сөздер:** өмірбаян, шығармашылық қызмет, білімдік және тәрбиелік мақсат, автор тұлғасы.

Қазақ әдебиеті пәнін оқыту барысында ақын-жазушылардың өмірбаянын білім алушыларға үйретуге ерекше мән беріледі. Оқушылар үшін білімдік, тәрбиелік мәні жоғары монографиялық тақырыптар көркем сөйлеу дағдысын жетілдірумен қатар нақтылық пен дерек, дәйекті сұрыптай білуге үйретеді. Көркем сөз шеберлерінің өнегелі істері мен атқарған қызметтерін тереңінен оқу арқылы өз-өздерін тәрбиелейді. Отан қамы үшін, ел игілігі үшін адал қызмет етудің жолдарын игеріп, азамат ретінде өздерін қалыптастырады. Әрбір ақын-жазушы елге пайда келтіру үшін еңбектенген тұлға ретінде қарастырылады. Мектепте ел үшін адал қызмет еткен азаматтардың өмірі мен шығармашылық жолын оқыту пайдалы әрі қажетті. Жас буынға әдебиет классиктердің үлгілі, өнеге аларлық еліктеп үйренерлік пайдалы жақтары көп. Отанын шексіз сүю, еркіндік үшін күресу, әділеттілікті іздеу сияқты адамгершілік қасиеттер – көп ақын-жазушыларға тән белгілер. Осы аталмыш нәрселердің бәрі – қоғамға өз үлесін жақсы жағынан қосуға, дұрыс өмір сүруге білім алушыларға үлгі боларлық сапалар. Сол себепті де оқу бағдарламаларына жеке шығармамен қоса ақын-жазушы өмірбаяндары да өтіледі.

Өмірбаяндардың білімдік жағына келер болсақ, әр ақын-жазушының өмірбаяны оның жеке шығармаларына кіріспе ретінде қаралады. Өмірбаянды сөз еткенде әлеуметтік жағдай, тарихи оқиғалар, өзін қоршаған қоғамдық орта шындығы жан-жақты айтылады. Баланың жас ерекшелігіне қатысты лайықты мәліметтер беріледі.

Автордың өміріне қатысты материалдар білім алушылардың ақыл-ойының дамуына ықпал етеді. Шығарманың мазмұнын түсініп оқуға алдын ала бейімдейді. Кейбір ақын-жазушылар үстем тап ортасынан шықса да, өз қоғамына жирене қарап, әділдіктің жақтаушысы ретінде халқының мұңын жоқтайды. Мәселен, Абай ақын аға сұлтанның баласы бола тұра, әлеуметтік теңсіздіктің жілігін шағып, өлеңдеріне арқау етті әрі атаның баласы емес адамның баласы бола білді. Осы тұрғыдан келгенде оқушыларға жазушының өмірбаянын оның шығармашылық қызметімен байланыстыра әңгімелеу аса қажет болады.

Жазушы шығармасының мазмұнын жете түсіну үшін автордың өмір сүрген кезеңі туралы деректерді оқып-білу маңызды. Кластан тыс оқу жұмысын жандандыру үшін де өмірбаянмен толық танысудың қажеттілігі зор. Сабақ беруші пән мұғалімі автордың өмірбаянын жалаң күйде айтпай, шығармаларының шығу тарихымен байланыстыра отырып, қызықты ақпараттарды үйлестіріп айтса, кластан тыс кітап оқуға оқушы ынталанады. Өмірбаяндық материалдардың оқушылар үшін тек білімдік ғана емес тәрбиелік мәні де жоғары. Қазақ әдебиетінің классиктері Махамбет, Ыбырай, Абай, Сәкен, Ілияс, Мағжан т.б. ақын-жазушылардың жарқын бейнесі есімдері аталғаннан-ақ көз алдымыздан өтеді. Тарихымыздан ойып тұрып орын алған осындай тұлғалардың әдебиетімізді дамытуға сіңірген еңбектері түсіндіріледі. Кім болса да, атақ, бедел, даңқ сияқты қасиеттерге адал еңбек еткенде ғана қол жеткізе алатындығы, құрметке бөленетіндігі ұғындырылады.

Оқушылар ел құрметіне бөленген адамдардың еңбегіне сүйсініп, өмір жолынан үлгі алумен қатар олардың мінез-құлқына, әдет-салтына еліктей білулері керек. Ақын-жазушылардың басым көпшілігі кітаппен дос болып, білімге құмартып өскен. Өздері кітап жазумен ғана шектелмей, өзге де қаламгерлердің шығармаларын ұдайы оқып отырған, білімін жетілдірген. Бұл сияқты ізденімпаз жандардың тамаша қасиеттері оқушылардың білімге ұмтылуына септігін тигізеді.

А.Көшімбаев «Қазақ әдебиетін оқыту методикасы» оқу құралында былай дейді: «Оқушыларға жазушыларды таныстырғанда, олардың өмірбаянын бірыңғай схематизм мен формализм жолымен түсіндірмей, әрбір жазушыны тарихи тұрғыдан қарап, бағалап, оқушылардың жасына, біліміне қарай әр жазушының өзіне тән ерекшелік жақтарын ашып көрсету қажет. Әрбір жазушы өзінің жасаған заманына, өмір сүрген, қызмет еткен кезіндегі саяси-әлеуметтік ортасына байланысты алып қарастырылуға тиісті.» [1.50]

Ол үшін алдын ала сабаққа дайындалу барысында пән мұғалімдері өмірбаянына тікелей қатысы бар шығармаларын, көз көрген жандардың естеліктерін, сурет немесе бейнежазбаларды орынды қолдануы керек. Қызықтырып берілген материал оқушының қызығушылығын оятып, әрі қарай шығарма оқуға ынтасын жетелейді. Сонда ғана біз өткен тарих пен бүгінді шебер қиюластырып, оқушының функционалдық сауаттылығын арттыра отырып, өмір шындығын жан-жақты суреттеген жазушыларымыздың шығармаларын тереңінен балаға ұғындырамыз.

Өмірбаянды оқытудың білімдік, тәрбиелік қыры мына жағдайларда әлсіреп кетеді:

- Пән мұғалімі ақын-жазушының өмірі туралы мәліметке немқұрайлы қараса;
- Көрнекі құралдарды тиімді немесе мүлдем қолданбаса;
- Тәрбиелік мәні жоқ сүреңсіз нәрселер айтылса;
- Оқушы ұғымына ауыр тиетін ақпараттар көп берілсе;
- Сабақ әдісі дәріске айналып кетсе.

А.Көшімбаев IV-VII кластарда ақын, жазушының өмірбаяны жөніндегі мәліметтерді баяндаудың төрт түрі бар екендігіне тоқталды. Біреуі – жазушының өмірбаянынан берілетін мәлімет, екіншісі – өмірбаяны арнаулы түрде өтілмейтін жазушылар жайында қысқаша анықтама беру, үшіншісі – өмірбаянымен қатар творчестволық жолы туралы мәлімет беру, төртіншісі – жазушының өмірі туралы құрастырылған әңгіме. [1.51]

Ақын-жазушылардың өмірі туралы әңгіме-очерктер балаларға лайықталып жазылғаны некен-саяқ. Өмірбаянды оқытудың білімдік, тәрбиелік мәнін дұрыс сақтау үшін баланың жас ерекшелігін ескеріп отыру керек. Көшімбаевтың айтар ойын Қоңыратбаев былайша сабақтайды: «Талдау сабақтарының формаларынан мұғалімдерде мынадай бір сыңар жақ ой тууы мүмкін: егер тек шығарманың жеке компоненттері ғана талдауға объект болатын болса, жазушының әдебиетке қосқан жаңалығы, қалыптастырған жанрлары, стилі, әдісі, идеялық бағыты талдауға объект болмайды екен, объект бола қалса, ол тек лекция, шолу әдісімен ғана



беріледі екен деулері мүмкін. Дұрысында, жазушы мен оның творчествосы, әсіресе жанры мен стилі, ең алдымен нақтылы талдау сабақтарына ұйтқы, арқау, негіз болуға тиіс. Олардың әдеби-творчестволық жолын әуелі жалпылай шолсақ, өмірін де өзінше танытсақ, кейін олардың программаға енген, монографиялық түрде өтілсін деген шығармаларын ылғи ғана талдау әдісімен жеткіземіз. Бұл – жалпыны дәлелдеу, оригиналдылығын, орнын нақты шығармалар арқылы есте қалдыру, бекіту және оның стилін, әдісін, көркемдік тәсілдерін таныту. Оқушының әдеби даму, жеке авторлар жайындағы әсері, білімі сонда ғана орнықты, берік болады. Жазушыны шындап танымаған жерде одан әсер алу, еліктеу өз дәрежесіне жетпейді», – деп түсінік беріп өтті. [2.47]

Әдебиет пәнін оқытудың басты мақсаты – жас буынның функционалдық сауаттылығын арттыру, жеке тұлға ретінде қалыптастыру, әдеби дамудың заңдылығы жайында білім бере отырып, олардың эстетикалық сезімін байыту, патриоттық тәрбие беру.

Жазушыны біз мектепте лекция әдісімен (заманы, өмірі, творчествосы), талдаумен (жанры, стилі, орны) және теориялық жинақтау жолдарымен танытамыз. Бұл желі олардың қоғамдық-мәдени қызметін, әсіресе әдебиетке қосқан үлесін, білдіруге байланысты. Тарихи желіде тек әдеби процесс қана емес, автор тұлғасы да көрінеді. Ақын-жазушылардың өмірі мен шығармашылығын жете меңгертіп, шығармашылығын тереңінен танытатын – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері. Пән мұғалімдері әдіскер ғалымдардың ойлары мен пікірлерін ескере отырып, жаңартылған білім беру мазмұнындағы бағдарламаны баланың танымына сай меңгерте алады. Ол үшін тарих пен бүгінгі күнді шынайы сабақтастырып, ізденіс жұмысын арттыру қажет. Еліне адал қызмет етер болашақ ұрпақты тәрбиелеуде әдебиеттің алар орны ерекше. Автордың өмірбаянына да салғырттық танытпай, жауапкершілікпен қарай білуді оқушыларға міндеттеп, талап қоя білу керек.

Мектепте қазақ әдебиеті ақын-жазушылар шығармаларын оқыту үшін сұрыптау, таңдау сияқты білім мазмұнын құру мәселесі үнемі күн тәртібіндегі өзектілікте болғандығын айта келіп, әдіскер-ғалым Әрінова: «...Әдебиет пәні мұғаліміне көмек ретінде, әдістемелік құралдар негізінен ақын-жазушылар өмірі мен шығармалары түсіндіруге арналған танымдық мазмұндағы кітапшалар – Қайнекей Жармағанбетовтің, «Жамбыл Жабаевтың өмірі мен творчествосы», Сағынғали Сейтовтың «Тайыр Жароковтың творчествосы», «Ғабит Мүсіреповтың творчествосы», Айқын Нұрқатовтың «Мұхтар Әуезовтың творчествосы» маңызы зор». [3.51] тағы сол сияқты деген кітаптардың монографиялық тақырыптарды оқытуда мұғалімге өте зор көмек болатынын атап көрсетеді. Көшімбаевтың ізбасар ғалым – әдіскерлерінің бірі – Төлеутай Ақшолақовтың да монографиялық тақырыптарды оқытуда ұсынар әдістемелік ой-пікірлері өте көп. «Әдебиет тарихы курсы оқулығының монографиялық тарауы – оның салмақты бөлімі», – деп, зерттеуші ғалым оқулықтағы осы тарауларға үлкен талғампаздықпен қарайды. «Оқулықтармыздағы монографиялық тараулардың ғылыми-теориялық салмағын да, сол сияқты көлемін де барынша арттыру керек, ол үшін негізінен талдауға ұсынылған шығармаларға көп орын берілсін,» – деп біледі. [4, 90 бет] Монографиялық тақырыптарды оқыту мәселесі өткен ғасырдың екінші жартысында басталып, күні бүгінге дейін жалғасын табуда. Қанипа Бітібаеваның «Әдебиетті оқыту әдістемесі», (1997) [5] Жұмажанованың «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі», (2009). [6] Жұмақаеваның «Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі» (2015) [7] еңбектерінде де ауызға алынып, арнайы әдістемелік арқауы жалғасын табуда.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы. Мектеп, 1969. - 244 б.
2. Қоңыратбаев Ә. Әдебиетті оқытудың методикасының очерктері. Алматы, 1962 -212 б.
3. Әрінова Б.А Қазақ әдебиеті оқу әдістемесінің ғылым ретінде қалыптасуы мен дамуы. Монография. – Алматы. Жазушы, 2004.-242 б.

4. Ақшолоақов Т. Көркем шығарманың эстетикалық табиғатын таныту. – Алматы. Мектеп, 1975. -105 б.
5. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі – Алматы. Рауан, 1997. -67 б.
6. Жұмақаева Б.Д. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі : Оқулық. . - Алматы: «Қыздар университеті» баспасы, 2015. - 242 б.
7. Жұмажанова Т.Қ. Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі. Алматы. Білім, 2009. -287 б.

**ИЗУЧЕНИЕ МОНОГРАФИЧЕСКИХ ТЕМ НА УРОКАХ ЛИТЕРАТУРЫ.  
(МЕТОДИЧЕСКИЕ РАЗМЫШЛЕНИЯ А. КУШИМБАЕВА ОБ ИЗУЧЕНИИ  
БИОГРАФИИ ПОЭТОВ И ПИСАТЕЛЕЙ)**

**Аннотация**

В статье анализируются методические мысли ученого-методиста Атымтай Кушимбаева, стоящего у истоков истории методики преподавания казахской литературы, по изучению монографических тем. Сформулированы особенности и преимущества

преподавания биографии поэта-писателя. Рассуждения методиста, заложившего фундаментальную основу преподавания монографических тем, изучаемых в старших классах средней общеобразовательной школы, до сих пор не утратили своей значимости, актуальны. В связи с большой научно-теоретической тяжестью преподавания темы, масштабностью поднимаемого бремени, это немаловажно и для сегодняшних школьных учителей. Обсуждаются пути совершенствования знаний учащихся, моменты, учитываемые учителем-предметником. Вместе рассматриваются мнения других ученых, сопоставляющиеся с мнением методиста А. Кушимбаева.

**Ключевые слова:** биография, творческая деятельность, образовательная и воспитательная цель, личность автора.

**THE STUDY OF MONOGRAPHIC THEMES IN THE LESSONS OF LITERATURE. (A.  
KUSHIMBAEV'S METHODOLOGICAL REFLECTIONS ON STUDYING BIOGRAPHIES  
OF POETS AND WRITERS)**

**Abstract**

The article analyzes the methodological thoughts of the methodologist Atymtai Kushimbayev, who stands at the origins of the history of the methodology of teaching Kazakh literature, on the study of monographic topics. The features and advantages of teaching the biography of the poet-writer are formulated. The arguments of the methodologist, who laid the fundamental basis for teaching monographic topics studied in the senior classes of secondary school, have not lost their significance and are still relevant. Due to the great scientific and theoretical burden of teaching the topic, the scale of the burden being raised, this is also important for today's school teachers. The ways of improving students' knowledge, the points taken into account by the subject teacher are discussed. Together, the opinions of other scientists are considered, compared with the opinion of the methodologist A. Kushimbayev.

**Keywords:** biography, creative activity, educational and educational purpose, personality of the author.

МРНТИ 17.09.91

**Жардемғали А.Т.**  
*Баишев Университеті*  
*zhardemgali.adina@mail.ru*

## ТҰРСЫНБЕК КӘКІШҰЛЫ ЖИЕНҒАЛИТАНУДЫҢ АРНА БАСЫНДА

### Аңдатпа

Жиырмасыншы ғасырдың басында өркен жайған ұлттық әдебиетімізге қазақы жазу машығынан алшақтамай қалам тербеген, ұлттық нақыштағы қаламгерлердің бірі жерлесіміз – Жиенғали Тілепбергенұлы.

Ғылыми мақалада жиенғалитанудың бастауында тұрған профессор Тұрсынбек Кәкішұлының жазушының қаламгерлігі туралы зерттеушілік ізденістері баяндалады. Жиенғали Тілепбергенұлының «Садақ» журналының шығарушысы және әдебиеттегі алғашқы жазушылық қолтаңбасы сөз болады және жазушының творчестволық ерекшеліктері, ұлттық әдебиетті дамытуға қосқан үлесі сараланады.

Мақалада жазушы, драмашы, сатирик, Жиенғали Тілепбергенұлының шығармашылығын сөз еткен өзге де отандық ғалым зерттеушілеріміздің пікірлеріне орын берліп сарапталады.

**Түйінді сөздер:** әңгіме-очерк, драма, сатира, сын тарихы, эссе- хикая, фельетон.

Көрнекті ғалым, қоғам қайраткері Тұрсынбек Кәкішұлының 95 жылдық мерейтойы үстіміздегі жылдың 11 қарашасы күні Республикамызда ерекше аталып өтті. Халықаралық «Тұрсынбек Кәкішұлының және қазақ әдебиетінің тарихы мен сынын зерттеудің келелі мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы Алматы қаласы, Әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университетінде өтті. Әдебиеттанушы ғалымның сан-салалы әдеби зерттеулерінің ішінде жерлесіміз жазушы, драмашы, сатирик Жиенғали Тілепбергенұлы туралы ізденістерінің біз үшін орны бөлек.

Профессор Т.Кәкішевтің «Қазақ совет әдебиетінің қалыптасу дәуіріндегі идеялық творчестволық мәселелер» (1917-1929 жж) деген тақырыптағы кандидаттық диссертациясы – кеңес әдебиетінің туу, қалыптасу кезеңіндегі зерттеген еңбектердің қатарын толықтырып, ғылымға үлкен олжа салған зерттеу еңбегі.

Бұл еңбекте 20-30 жылдар кезеңі әдебиетіміздің даму, қалыптасу үрдісіне үлес қосқан ақын-жазушылардың ішінде ақтөбелік жазушы Жиенғали Тілепбергенұлының шығармашылығын да зерттейді.

20-жылдар жаңа қазақ әдебиетіне бір кісідей үлес қосқан жазушы Жиенғали Тілепбергенұлының қаламынан туған шығармалары Т.Кәкішевтің 1955 жылғы зерттеу мақаласында баяндалады. Осы іздену барысында ғалым су түбіндегі маржанды жазбай таниды. Т.Кәкішев «Жаңа әдебиет» журналының 5-6 санында «Кім қалай жазған?» деген топтама ішінен Жиенғалидың жүрекжардысына назар аударғанын «Сандалтқан «Садақ» хикаясында тарата суреттейді. «Садақ» қандай журнал? Жазба журнал бола ма екен? Жасырын шығарғандары қалай?» --- деген сауалдарға жауап іздей отырып, «Ғалия» медресесі шәкірттерінің қаламдарының басығуына жәрдемі тисе, онда бірталай уақыт шыққан ғой», [1.12] деп топшылайды. Осы кезден Жиенғалидың азаматтық келбеті мен жазушылық қарымына ниет қойған Т.Кәкішев ол турасында жолыққан деректер мен мұрағаттарды тірнектеп жинай бастайды. Әсіресе, Жиенғалидың «Садақ» журналының Б. Майлиннен кейінгі шығарушы - редакторы болуы ғалымды қатты қызықтырады.

1952 жылы Қазақтың ұлттық кітапханасы қолжазбалар қорынан «Садақтың» бірнеше санын тауып алады. 1916 жылы шыққан 20,21,22- сандары үлкен де тынымсыз ізденіске бастайды. «Жиенғалидың псевдонимі «Жекей» көзіме оттай басылды. Журналдың редакторы - шығарушы болып қол қойыпты, көптеген дүниелерін жариялапты. Міне, осы сәттен «Садақтың» басқа сандарын іздеп сандалу басталды», дейді – ғалым. [2.11]

Уақыт шаңына көмілген мұраны табу мақсатымен Петропавл, Уфа, Казан, Ленинград, Москва, Ташкент қалаларына шыққан ғылыми сапарларында, архив ақтарып жүргенде, ғалым жүрегінің бір бұрышында, өзінің қимасындай болып, «Садақты» табу үміті жүреді. Ғалым 1957 жылы башқұрт халқының ардақты ұлы, Б. Майлин, Ж. Тілепбергенұлымен бірге оқыған жазушы Сайфи Құдашқа кездеседі. Медресе «Ғалияда» оқыған қазақ жастары туралы әңгімеге қанығады. С. Құдаш, Ж. Тілепбергенұлы туралы: «Жиенғали қазақ жастарының басын қосып, ілгерінді іске жұмылдырушы, «Садақ» журналының Бейімбеттен кейінгі редакторы болған өте пысық та ұйымастырғыш жігіт еді», – дейді. [3.28] С.Құдашпен кездесуден алған әсері «Қазақ әдебиеті» газетінің 1958 жылғы 1 тамызда «Қолжазба, «Садақ» журналы» атты мақаласында тамылжыта баяндап, «Садақ» журналы туралы ғылымтанымдық мәліметті тұңғыш рет баспасөз бетіне шығарады. Жазушы Ж.Тілепбергенұлының тыңдырған істерінің тарихтамсында, өткен күндер көлеңкесінде қалып қоймауына бар ынтасымен кіріскен Т.Кәкішовке Жиенғали аруағы дән риза шығар. Ғалым Ж.Тілепбергенұлының азды-көпті еңбегін «Қазақ әдебиеті тарихының» 1967 жылғы үшінші томына енгізіп, «Дәуір суреттері» деп аталған монографиялық этюдінде тәптіштей талдайды. 1969 жылы «Ізбасар» атты таңдамалы шығармалар жинағын құрастырып, «Жазушы» баспасынан шығарды. Оның үстіне медресе «Ғалия» шәкірттері шығарған қолжазба журнал негізінде қазақтың интеллектуалдық қуатын іздеген автор «Садақ» атты эссе- хикаясында Жиенғалиды басты кейіпкерінің бірі етті.

Ж.Тілепбергенұлының 1925-30 жылдар аралығында түрлі баспа беттерінде араб, латын қаріптерімен жарияланған мақала, фельетон, әңгіме-очерк, хабарларын және өзге ден туындыларын осы күнгі оқырманға танымал қаріпке түсіріп, жинақтап, басы бүтін дүние етіп жариялаған Т.Кәкішевтің жиенғалитану басында тұрғанын ерекше айту керек. Жиенғали есімінің ұрпақ санасынан өшпей, рухани ғұмырының жалғасып келе жатқаны осындай ізденіске байланысты болғанын айтқымыз келеді.

Баспа беттерінде дүркін-дүркін мақалалар жариялауы, Жиенғалидың ғұмырнамасын тізбектеп тірілтуі, шығармалар жинағын құрастыруы, «Садақ» атты роман-эссесіне кейіпкер етуі, тіпті жазушының 1995 жылы қараша айында Ақтөбе өңірінің Мұғалжар жерінде 100 жылдық мерейтойының аталып өтуіне мұрындық болуы, марқұмның басын қарайтып, белгі қоюға демесін жасағандығы Т.Кәкішевтің ғалымдық парасатының ғана емес, адами болмысының биіктігін көрсетеді, өзінің соңынан ерген шәкірттеріне үлгі боларлық ұлағаты деу орынды.

«Садақ» атты хикаясы арқылы ғалым көптеген деректерді қайта жаңғыртып, Жиенғалидың жазушылық дарынының қуатты да өнімді екенін, ұйымдастырғыш қабілетін, ұлтжанды зиялылығын танытуға үлес қосты.

«Әдебиетке келгендердің бәрі бірдей генерал бола бермейді. Ол жасақтың офицерлері, сержанттары да, қарапайым солдаттары да болады. Әрқайсысының сіңірген еңбегіне қарай әдебиет тарихы өзінің бетінен елеп-екшеп орын береді. Солардың ішінде Жиенғали Тілепбергенұлының әсем орны, биік сөресі бар» [4.77] деген Т.Кәкішевтің пікірі – қазақ әдебиетінің тарихына көп кірпіштің біріндей кетігін тауып қаланған жазушы шығармашылығына берілген әділетті баға. Жиенғали мұрасы – біз үшін асыл қазына. Сол рухани қазыналардың қалтарыс, қырына терең үңіліп, өткен дәуір суретін, кезең келбетін сезіну – кейінгі буынға зор міндет.

Оның алғашқы қадамы басталды да, Ақтөбе өңірінде Жиенғали атына мектеп, көше есімі беріліп, екі томдық шығармалар жинағы шығарылды. Жиенғалитанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ғ.М.Ниязованың «Жиенғали Тілепбергенұлының шығармашылық ғұмыры», «Сатира жанрының семсері» атты зерттеу еңбектері жазылып, ғылыми-әдеби айналымға енгізілді. Осындай игі істің басы-қасында ғалым Т.Кәкішев сынды алғыр сана иелері болмаса, жабулы қазан жабулы күйінде қалып қоюы да ықтимал еді-ау деген ой көлбеңдегенде, ғалымдық табандылыққа, дәйектілікке еріксіз бас игендей боласың. Жиенғали жанашырының өнегесі өзгелерімізге де жұғысты болғай!

Ж.Тілепбергенұлының шығармалары – бүгінгі ұрпақ үшін өткен дәуір шындығын, халқымыздың көркем тарихын, тыныс-тіршілігін көркемдік даму деңгейін танытатын құнды дүниелер. Жиенғали Тілепбергенұлының прозасының басты тақырыбының бірі - жаңа ауыл, жаңадан қоныс теуіп жатқан жаңаша қарым-қатынас, ауыл өміріне келіп жатқан кеңестік салт, жаңа ұғым, жаңа көзқарас жазушы творчествосынан көрініс беріп отырады. Халықпен біте қайнасып, қоян-қолтық араласқан жазушы өзі куә өмірден тамаша қаһармандарын табады. Ауыл кедейлеріне тән іс-әрекетті, солардың барлығына ортақ қасиеттерді, бәріне тән ояну, өсу жолдарын бір қаһарманның басына жинайды. Ж.Тілепбергенұлының «Ораза», «Перизат-Рамазан» пьесасы, «Таңбалылар» повесінде Қалман бейнесі сомдала түскен. Ж.Тілепбергенұлы – әдеби қазынамызға ондаған образдар қосқан жазушы. Оларды терең мағыналы, өткір тілді, көрікті етіп, барынша қызықты етіп жазды.

Белгілі ғалым Б.Кенжебаев: «Бейімбет пен Ілияс, Аманғали мен Асқар, Жиенғали мен Қадір күнделікті өмірден алынған сан-алуан маңызды тақырыпқа тамаша фельетондар жазды. Оларды терең мағыналы, өткір тілді, көрікті етіп, барынша қызықты етіп жазды.[5.1] Фельетонның өте жақсы үлгілерін жасады», - дейді. Ж.Тілепбергенұлының жазушылық қызметінде фельетон мен сықақ әңгіме, сатиралық суреттеме үлкен орын алады. Оның қаламынан елуге тарта фельетон, сықақ әңгімелер мен сатиралық суреттеме, корреспонденциялар туған. Олардың бірсыпырасын профессор Т.Кәкішев жинақтап, Жиенғалидың 1969 ж «Ізбасар» деген атпен жарияланған жинағына енгізді. Ол кітапта 15 сықақ әңгімесі мен сатиралық суреттемесі, он бір фельетоны бар. Жиенғалидің шағын прозасы, соның ішінде фельетондарын талдаған профессор Т.Кәкішевтің айтуынша, «Қай шығармасы болмасын Жиенғали өте бір қызықты детальдан бастап, үлкен ойға жетелейді, болмашының өзін кесек көрініске айналдырып жібереді. Сол кездегі өмір шындығынан туғандықтан, кейде нақты кісілердің аты аталып қана қоймай, жанды кейіпкерге айналып кететіндері жиі кездесті. [6.31]

Бұл зерттеуімізде қазақ әдебиет тарихының аса күрделі және 20 - жылдардағы аласапыран кезеңінде әдебиетке араласқан жазушы, драмашы, журналистігімен халыққа танылып, қазақ әдебиетінің өресін көтеріп, өркенін жайысуға өз шығармаларымен белгілі бір деңгейде үн қосқан Жиенғали Тілепбергенұлының творчествосының ерекшеліктері, әдебиетті дамытуға қосқан үлесі сараланды. Жазушының өмірден ерте кеткенін ескерсек, ол қалдырған әдеби мұралардың 20-жылдардағы әдебиетіміз үшін де, Жиенғали үшін де олқы соғар түрі жоқ. Өткен дәуір еншісіне саналатын рухани дүниелердің жазылу сырына үңілсек, сол уақыттың рухани қажеттілігіне, заман талабына, сұранысына сай туғандығына көз жеткіземіз. Жиенғали Тілепбергенұлы туындылары заман рухымен үндесіп, өз кезеңінің рухани мұрат-мүддесіне қызмет еткенін байқау қиын емес. Жиенғали негізінен проза жанрымен айналысқан жазушылардың қатарына жатқызуға болады. Ол прозаның шағын формалары : көркем очерк, әңгіме, сатиралық суреттеме, фельетондар арқылы өзінің творчестволық бетін айқындады Жиенғали Тілепбергенұлы прозаның шағын формасының ерекшеліктерін жақсы түсінді, өзінің көркем очеркі мен әңгімелерін тартымды сюжеттік желіге құрып, тар көлемге мол мазмұн сыйғызып, көркем әңгіменің тәрбиелік, қоғамдық

мәнін ғана емес, эстетикалық әсерін де күшейтуге ерекше назар аударды. Туған халқы үшін күш жігері мен қабілетін аямаған Ж.Тілепбергенұлының еткен еңбегі оны ескерусіз қалдырмады. 1933 жылы 28 сәуірде «Социалды Қазақстан» газетінің редакциясы және Қазақстан Жазушылар Одағының ұйымдастыру комитеті Жиенғали Тілепбергенұлының мезгілсіз қазасы туралы азасөз жариялап: «Жолдас Жиенғали жаңа әдебиетіміздің жаңа қаламының бірі еді. Жиенғалидың өлімі бізге ауыр жоғалту болды, – деп, [7.1] сол күні кешке «Социалды Қазақстан» басқармасында Ж.Тілепбергенұлын еске алу кешін өткізді.

Көп жылдар бойы ұмытылмаса да есімі көмескіленген, көзден таса, елеусіз қалған Ж.Тілепбергенұлының мұраларына қайта өмір беру қолға алынды. 1969 жылы Т.Кәкішев құрастырған «Ізбасар» жинағына небәрі жазушының 15 көркем әңгімесі, 15 сатиралық суреттемелері, 11 фельетоны ғана енген болатын. 1930 жылы өзінің көзінің тірісінде жеке кітап болып басылған «Таңбалылар» повесі жазушының Ақтөбе типографиясынан 1997 жылы қайта басылып шыққан «Таңбалылар» жинағына кіріп, бүгінгі әріппен 67 жыл араға салып, толық нұсқада халық қолына тиді. Бұл жинаққа жазушының «Перизат-Рамазан», «Тілші», «Ораза» пьесалары, «Атсыз» романы, 11 көркем әңгімесі кірген. Ажалға арашашы болуға ешкімнің дәрмені жетпейді ғой, алай да оны қолдан жасалған аштықпен жеделдету маңдайының соры арылмаған елдің жан жарасындай болғаны, әсіресе халық сөзін сөйлеген дарынды қаламгердің осындай күйге ұшырағаны мың есе өкінішті-ақ. Тәубе, тарихтан жым-жылас өтіп кетпей, кейінгі ұрпақтың ілтипатына ілігуі қиын болса да ауыр ойдан сейілтетін шығар.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Кәкішев Т. Сандалтқан, «Садақ» -- Астана. Фолиант, 2002.-90 б
2. Кәкішев Т. Сәйфи ағаның ғибраты. «Жұлдыз» журналы. 1976, №10, 12б
3. Кәкішев Т. «Садақ» роман- эссе. – Алматы. Жазушы, 1986.- 55б
4. Құдаш С. Жастық шақтың ізімен. – Алматы. Жазушы, 1984. -80б
5. Кенжебаев Б. Жиырмасыншы жыдардағы қазақ совет әдебиеті. – Алматы. Қазмембас,1965.-45б
6. Кәкішев Т. Дәуір суреттері. – Алматы. Жазушы, 1967.- 79б
7. «Социалды Қазақстан» газеті, 1933ж 28 сәуір

#### ТУРСЫНБЕК КАКИШЕВИЧ У ИСТОКОВ ЖИЕНГАЛИТОЛОГИИ

##### Аннотация

Наш соотечественник Жиенғали Тілепбергенұлы – один из писателей национального стиля, не отступивший от практики казахского письма в нашей национальной литературе, расцвет которой пришелся на начало XX века.

В научной статье рассказывается об исследовании писательского мастерства профессором Турсынбеком Какишулы, стоящим у истоков жангалитологии. Жиенғали Тілепбергенұлы – издатель журнала «Садақ» и первая авторская подпись в литературе, И выделяются творческие особенности писателя, вклад в развитие национальной литературы.

В статье анализируется творчество писателя, драматурга, сатирика, другого отечественного ученого, упоминавшего творчество Жиенғали Тілепбергенұлы, давая место мнениям наших исследователей.

**Ключевые слова:** рассказ-очерк, драма, сатира, критическая история, очерк-рассказ, фельетон.

## TURSYNBEK KAKISHEVICH AT THE ORIGINS OF ZHYENGALI SCIENCE

### Abstract

Our compatriot Zhiengali Tilebergenuly is one of the writers of the national style, who did not deviate from the practice of Kazakh writing in our national literature, which flourished at the beginning of the 20th century.

The scientific article tells about the study of writing skills by Professor Tursynbek Kakishuly, who is at the origins of zhengalitology. Zhiengali Tilebergenuly is the publisher of the magazine "Sadak" and the first author's signature in literature, the creative abilities of the writer and his contribution to the development of national literature were noted.

The article analyzes the work of the writer, playwright, satirist, another domestic scientist who mentioned the work of Zhiengali Tilebergenuly, giving space to the opinions of our researchers.

**Key words:** story-essay, drama, satire, critical history, essay-story, feuilleton.

МРНТИ 17.82.10

Кеңесов Еркебұлан<sup>1</sup>, Асан Жұманазар<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Баишев Университет

[kenes.erkebulan.99@mail.ru](mailto:kenes.erkebulan.99@mail.ru)

## «АҢШЫБАЙ БАТЫР ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ» ЖЫР ДЕСТЕСІНІҢ ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

### Аңдатпа

Мақалада «Қырымның қырық батыры» жыр дестесіндегі «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөлімінің кейбір мәселелері қаралған. «Қырымның қырық батыры» жырының отандық фольклористика ғылымдағы зерттелу деңгейі туралы ғалымның пікірі төмендегі деректерден де айқын байқалар деп ойлаймыз. Атап айтқанда, «Қырымның қырық батыры» туралы зерттеулердің бір қатарын жарық көрген жылдарына қарай талдауға тырысамыз. «Қырымның қырық батыры» дастанындағы «Нұрадын» жыры толық емес, үзінді. Себебі бұл жыр Мұрын жыраудан Асайын Ханкелдин жазып алған үзінділердің бірі. Мақалада сол жайлы ашып жазылған. «Қырымның қырық батыры» туралы жыр қырық тараудан тұрады, оның әрқайсысы жеке-жеке батырларға арналған. Сонымен бірге бір батыр екінші батырдың ұрпағы болып жырланады. Сондықтан қырық батыр жайлы жырлардың жиынтығы – тегі мен композициялық құрылымы жағынан өзара тығыз байланысты. Батыр мұнда халқының қорғаны, жат жұрт езгісінен азат етуші қаһарманы ретінде көрсетіледі.

**Түйінді сөздер:** Аңшыбай батыр, жыр, Нұраддин, Мұса хан, тарих.

Мұрын жырау жырлаған «Қырымның қырық батыры» жыр дестесінің «Аңшыбай батыр және оның ұрпақтары» бөліміне «Аңшыбай батыр», «Парпария», «Құттықия», «Едіге», «Нұрадын», «Мұса хан», «Орақ-Мамай», «Қарасай-Қазиді» жырлары кіреді. 1420 жылы Едіге өлген соң Алтын Орданың ханы Ұлығ-Мухамед болды. Орыс ханның немересі, Алтын Орданың шығыс бөлігін билеген Барақ хан оған қарсы күресті. 1425 жылы Сарайдағы билікті алды. Барақ ханды Орыс ханның шөбересі Кіші Мұхаммед 1428 жылы тақтан ығыстырып шығарды және 1432 жылы өзіне қайыра қарсы тұрған Ұлығ-Мұхаммедті үлкен жеңіліске ұшыратты. Батысқа ығысқан Ұлығ-Мұхаммед Қазан хандығының негізін қалады.

Алтын Орданың билігін Кіші Мұхаммед 1460 жылға шейін ұстап тұрды. 1450 жылдары шығыста Әбілқайыр хан бастаған шайбанидтер күшейді.

Әбілқайыр хандығында М.Тынышбаев кестесінде көрсетілген Едіге ұрпақтары Оқас пен Қожас (ножас) басқарған ноғайлар саны көп болды. Оқас Нұраддиннің ұлы да, Қожас (Қожахмет) – Қазидың ұлы еді. Әбілғазы шежіресіндегі мәліметтерге қарағанда, Қожас пен Оқас бір-біріне жау болған. Ақыр аяғында Қожас Оқасты өлтіріп тынады. Оқастың балалары Мұса мен Жаңбыршы кек алғысы келеді. Оған Әбілқайыр хан жол бермейді. Сондықтан олар өзіне қараған халықты ертіп, Әбілқайырдың туысы Бүрге сұлтанға көшіп кетеді. Сұлтанның көмегіне сүйеніп, Қожасты өлтіреді. Оның бар байлығын иеленіп, елін өздеріне қаратады. Одан соң бұл ноғайлар өздеріне хандыққа Бүргенің әкесі Жәдігерді шақырады. Әбілқайыр ханның күшеюі Кіші Мұхаммедті, Шайбанид ішіндегі солтүстікті билеушілер Сейдақ пен Ибақты да үрейлендіреді. Себебі, Ибақтың (Ибрагимнің) ойында Сарайдағы алтын таққа отыру бар еді. Әбілқайыр Ордасына Бүрге, Сейдақ, Ибақ - үшеуі бірігіп, тұтқиылдан шабуыл жасайды, хан өз туысы Бүргенің қолынан қаза табады.

1459 жылы Қырым хандығының басына Қажы-Керей келеді. Ол 1466 жылы дүниеден озып, баласы Меңді-Керей орыстың ұлы князі Иван Васильевичпен одақтасады.

Қасым хандығының билеушісі Нұрдәулет Меңді-Керейдің ағасы еді, бұлардың бәрі бірігіп, Алтын Орданың ханы Ахметтің көзін жоюды ойластырады. Ахметтің 1480 жылы Ресейге жорық жасап, Угра өзеніне шейін барғаны, екі жақ текетіресіп ұзақ тұрғаны тарихтан мәлім. Мұны пайдаланған Меңді-Керей мен Нұрдәулет Ордаға шабуыл жасап тонайды. Осы жағдайға байланысты Ахмет ұрыс бастамай, шұғыл Ордаға оралады. Мұны білген Қырым мен Қасым хандары жедел шегініп кетеді. Қыс түскен соң Ахмет хан әдеттегідей қосындарын таратып, қыстауларына жібереді. Біраз уақыт өткен соң, қаңтар айында Сібір ханы Ибақ пен Ноғай мырзалары Мұса, Жаңбыршы қосындары тұтқиылдан шабуыл жасап, Ахмет ханды өлтіреді, елді тонайды. Осы оқиға туралы «ХҮ ғасырдың соңындағы (1481-1485 ж.) Польша-Литва мемлекетінің Литва куәлік материалдарында» Ахмет ханның өлімі төмендегіше таңбаланған: «1481 г., январь – Послание крымского Менгли-Гирей-хана великому князю литовскому и королю польскому Казимиру с извещением о разгроме Большой Орды шибанским ханом Ибаком и ногайскими мурзами, гибели Ахмед-хана.

От Мендликгирея Казимиру, королю брату, поклон.

То так ведайте: Генвара месеца у двадцать первый (день) пришед царь шибаньский Аибак, солтан его, а Макму князь, а Обат мурза, а Муса, а Евкгурчи пришед, Ахматову Орду подоптали, Ахмата цара умертвили, вси люди его и влусы побрали, подбравши проч пошли. А князь Тымир с Ахмата царевыми детьми и с слугами к нам прибегли и пригорнулися пришли. Над Охматом царом так ся стало: Вмер. Нам брат он был, а вам приятель был. То есть Божье дело. Вы бы здоровы были, а мы теж здоровы бы были. Я пак Ахматовым детям, которые к нам пришли, и Темиру коней и портиш много дали есмо, а еще много есмо им одолжилися [1,33 б.].

Бұл деректің ақиқаттығын Ибақ ханның 1493 жылы Москва князы III Иванға жіберген грамотасынан да көрінеді: «1493 г., ноябрь. – Приезд к великому князю московскому Ивану III посланника шибанида Ибак-хана («ногайского царя») с просьбой отпустить к нему находящегося в руках Москвы бывшего казанского хана Алегама.

(л.30) Лета 7002, приехал к великому князю от царя Ивака от ногайского с грамотою человек ему Чюмгур. А се грамота.

Послание Ибак-хана (Ибрагим-хана)

Ибряимово слово.



Великому князю Ивану, брату моему, поклон. После того ведомо бы было слово то: стоит промеж Ченгысовых царевых детей наш отец Шыбал царь, стоит с твоим юртом в опришнину, и друг и брат был. От тех мест межы нас Туатамыров да Номаганов юрт ся учинил, а мы ся учинили далече, а с тобою меж нас добрые ссылки не бывало. Ино мне счастье дал бог, Тимер Кутлуева сына убивши, Саинской есми стул взял. Да ещо сам с братьями и с детми условившыся, а великого князя детей на княженье учинив, на отцов юрт к Волзе пришед стою».

Бұған қарап Ноғай Ордасына Ибақтың (ногайский царь) билігі жүріп тұрғанын, бұрынғы Алтын Орда халқын тегіс билемек ойы бар екендігін аңдау қиын емес.

Қадырғали би Қосымұлының шежіресінде: «Едіге бидің ұлдары туралы толық мәлімет мынадай: Нұраддин мырза, Мырза Қасым, Сейдғали мырза. Жасында қаза болған екеуінің есімдері белгісіз. Бұл бесеуі бір анадан. Қожа ханның қызы Бақтылы ханымнан туған еді. Сейдғали мырза да жасында өлді.

Кейкуат. Бұл Кабардин алыптың қатынынан туған еді. Ол Нұраддинға тете (болатын). Мансұр би. Бұл Құйыршық ханның қызы Сүйдүнімден туған еді. Қазы, Наурыз. Бұл екеуінің анасы Қоңырат қауымының қызы еді. Аты мәлім емес. Едіге биден соң Мансұр би болды. Ол атасының қайым мақамында болды. Ол уақытта, (яғни) Едіге бидің көзі тірісінде, Нұраддин мырза іш ауруы тиіп, отыз жеті жасында қаза болды. Мансұр би атасының ұлысын биледі. Оны Барақ хан өлтірді. Содан соң Қазы, Наурыз Барақ ханмен соғысты. Барақ хан сол соғыста өлді. Ол ұлыста Мансұр бидің орнына Қазы би болды.

Нұраддин мырзаның ұлдары Афас, Оқас, Хуразми еді. Мансұр би қаза болған соң, Афас би болды. Атасының інісі Қазы бидің ұлысын сол биледі. Содан соң Оқас би болды. Біраз уақытқа дейін ұлысты сол биледі. 49 жасында өмірден қайтты. Афас би сексен жасында қаза болды» - делінеді. Қадырғали би Қосымұлының шежіресі тарихи деректерге сәйкес келетінін, аса құндылығын «Ноғай Ордасының тарихы» атты іргелі еңбек жазған тарихшы В.В.Трепавлов айрықша атап көрсетеді.

«Нұрадын» жыры. «Қырымның қырық батыры» дестесіндегі «Нұрадын» жыры толық емес, үзінді. Себебі бұл жыр Мұрын жыраудан Асайын Ханкелдин жазып алған үзінділердің бірі. Сюжеті төмендегідей.

Нұрадын он жасқа толғанда әкесіне келіп ындыс пен қалмаққа жорық жасағысы келетінін айтады. Алпыстағы әкесі: «Екі орта тоқсан күндік жол, қаласының бекінісі мықты. Бір жағы қалың құм, биік тау, шың. Оған жету де оңай емес, далада қаларсың, «бәленшенің баласы қаңғырып келді» деп жүрер. Тілімді алсаң жалғыз қаңғырма дейді. Нұрадын алған бетінен қайтпай, сол елге баруға қиылып рұқсат сұрайды. Ақыры көнген әкесі «бұл жорыққа телшұбар атты мін» дейді, сауыт-саймандарын береді. Қысылатындай күн болса Баба түкті Шашты Әзизге сыйын, тарыққанда медет қылар, арғы атаң сол деп батасын береді. Шешесі де баласының алыс сапарға жүргеніне қатты қиналады. Нұрадын жорыққа аттанады, тоқсан күндік жерге елу күнде жетеді. Ындыс елі де қамданып, ноғайлы шіркін келер деп үш жүз елу кісіні барлауға жіберген екен. Соның жүз қаралысы Нұрадынға кезігеді. Әуелі елуі келіп қамайды. Батыр жеңіске жетеді. Қашып құтылған біреуі қаладағы ындыстың қаны Тарқасқа жау келді деп хабар жеткізеді. Хан екі мыңдай адам жинап, қарсы тұрады. Әруаққа сыйынып, соғысқа кіріскен Нұрадын басым түседі. Тарқас қырылған әскерін көріп, басын қайттап қашады. Батыр соңынан қуып жетеді. Екеуі жекпе-жекке шыққанда ханның басын алады. Нұрадын сегіз күн бойы күндіз-түні соғысып, ындыстарды жеңіп, он күн толғанда еліне қайтады. Араға тағы алпыс күн салып, әке-шешесімен қауышады. Таққа отырып, ноғайлыны билейді. Бірде батыр Қызылбас еліне жорық жасағысы келетінін айтады. Ақылшылары Қызылбас байтақ ел, бәрі бірдей ер, жолы да елу күндік дейді. Бұл жолы да Нұрадынның соңына бірде-бір ноғай баласы ермейді.

Олар ноғайдың жері кең, мұнда Қызылбас түгіл қалмақ та келе алмайды. Қызылбас пен ындысқа біздің батырларымыз бұрын талай бармағын батырған деседі. Жалғыздың жары құдай деп бабасы Шашты Әзизге сыйынып, Нұрадын жалғыз жорыққа аттанады. Қызылбастың ханы Шаппаз деген екен. Әкесі Шаппаздың қаласына барғанда байқа, алдыңнан жансыз жіберіп барлау жасап қоймасын дейді. Нұрадын жаудың елінде жақындаса жиырма кісі қарауылдап жүр екен. Бұлардың бәрі де Қызылбастың батырлары екен. Әуелі осылармен соғысады. Жеңіске жетеді. Мұны көрген бір шал Шаппазға хабар береді. Хан мың адамды жинап алады. Бұл мың адам да Нұрадынның екпініне шыдамайды. Шаппаз далаға қашып кетеді. Нұрадын оны білетін бір адамды ұстап алып, ізіне түседі. Сөйтсе хан қалың қамыстың ішіне тығылып жатыр екен. Оны табу оңай болмаған соң, қамысқа от жіберіп өртейді. Жырдың бұл тұсы «Едіге» дастанындағы Нұраддиннің Тоқтамысты қалың қамыс ішінен тауып алуына ұқсайды. Шаппаз тағы да қашады, бірақ Нұрадын шұбар атпен қуып жетеді. Сонда хан дініміз жақын адамбыз, бұйырған ісінді орындайын, өлтірме деп жалынады. Батыр бұған келіскен соң хан оны үйіне шақырып үш күн қонақ қылады. Екеуі қияметтік дос болып, тарқасады. Батыр аман-сау еліне жетеді. Қуанған шешесі Нұрадынға балалы болғанын хабарлайды. Атын Мұса қойдық дейді.

Бұл жыр бірыңғай диалогтардан тұрады десе де болғандай - әке мен баланың, шеше мен баланың, батырлар арасындағы диалогтар жырдың негізгі сүйегін түзеді.

Үзіндіге қарай отырып, әуелгі тұтас дастанның қаһармандық эпос үлгісіндегі дүние екенін пайымдау қиын емес.

«Нұрадын» жыры туралы академик Р.Бердібай: «...соғысқа аттану себебі көмескі. «Ежелгі жау» дейтін атағы ғана жыр мен жыршыға жеткілікті, оларға қарсы қандай аттанысты да, эпос заңдылығы ақтай береді. Бұл тек қазақ эпосына ғана емес, жалпы қаһармандық жыр атаулының көбіне тән қасиет» [2,494], - дейді.

«Нұрадынның» басты идеясы – ел қорғау. Тарихқа үңілсек, ноғайдың жеріне басып кіріп, басқыншылық соғыс ашып, халқын қырып-жойған қалмақтар екенін көреміз.

Эпостың жанрлық белгісін анықтауға да көңіл аударған академик: «Жалпы алғанда «Нұрадында» қаһармандық эпостың белгілері басым, оқиғалық өрісі, тілдік, бейнелік өрнегі өзге батырлық жырлармен ұқсастық танытатын жыр деп қарауға болады. Мұнда да формулалықтың рөлі аса мол» [2,494], - деген түйін жасайды.

Нұраддин туралы дербес жыр тек Мұрын жырауда ғана бар, бұдан басқа кей эпоста батырдың аты аталып қана өтіледі. «Орақ-Мамайдың» А. В.Васильев жазып алып 1936 жылы Академияға тапсырған нұсқасында Нұраддинге біраз орын берілген. Мұнда да бұл дербес жыр емес, «Орақ-Мамайдың» прологы іспетті рөл атқарып тұр. Васильевтің «Нұраддин батыр» нұсқасында әуелі Нұраддиннің қалмақтармен соғысы суреттеледі. Одан соң Мұса мен Алшағырдың, Мамай мен Орақтың соғыстары баяндалған.

Қалмақтың Тайып деген ханы ноғайдың ханына соғыс ашам деп қорқытып, қызын әйелдікке беруді талап етеді. Ноғайдың ханы 14 жасар Нұраддинді көмекке шақырады. Нұраддин жекпе-жекте Тайыпты өлтіріп, қалмақты жеңеді. А.В.Васильев нұсқаны кімнен жазып алғанын, Қазақстанның қай ауданынан жазып алынғанын көрсету жағын ескермеген.

Нұраддин ұрпақтары туралы «Орақ-Мамайдың» Нұртуған жырлаған нұсқасында толығырақ көрсетілген. Бұл нұсқаға назар аударған академик В.М.Жирмунский: «Наиболее полное изложение исторического сказание о семейных распрях сыновей Мусы дает обширное эпическая поэма «Орақ-Мамай», записанное со слов известного акына недавнего времени Нуртуғана» [3,400б], - деп жазады.

Аббастың (Афас,Апас) ұзақ уақыт ел билегені, інілері Мұса мен Жаңбыршының оны қадір тұтқаны тарихта нақтылы таңбаланған.

В.В.Трепавлов Едіге өлген 1419 жылдан кейін Нұраддин ел биледі деген пікірді теріске шығарады. Тарихи деректерге сүйене отырып әкесі өлген соң, Едіге балалары Мансұр мен Қазидың билік тұтқасын ұстағанын дәлелдейді. Болат ханның орнына Темір келгеннен соңғы(1410ж.) бұлғақ кезінде, Қадырберді хандық құрған уақытта(1412-1419ж.), әкесімен арасы суыған Нұраддиннің билікке араласуы мүмкін екенін көрсетеді. Ғалым Қадырғалидың шежіресіндегі «Ол уақытта, (яғни) Едіге бидің көзі тірісінде, Нұраддин мырза іш ауруы тиіп, отыз жеті жасында қаза болды» [4,255б.], - деген деректің шындыққа келетінін алға тартады.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Материалы Литовской метричны польско-литовского государства конца XV века (1481-1485 годы) // История Казахстана в русских источниках. Т.1 – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005.- 704 с.
2. Жирмунский В.М. Тюркский героический эпос.-Ленинград. Наука,1974.-728 б.
3. Бердібай Р. Бес томд. шығ. жин. 1-т. – Алматы: Қазығұрт, 2005.- 464 б.
4. Треповлов В.В. История Ногайской Орды. – М: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 2001.- 752 с.
5. Қоңыратбаев Ә. Қырымның қырық батыры // Социалистік құрылыс, 1948, 15-маусым
6. Қырымның қырық батыры. – Алматы: «Арыс», 2005

#### ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ ПОЭМЫ «АНШЫБАЙ БАТЫР И ЕГО ПОТОМКИ»

##### Аннотация

В статье рассмотрены некоторые вопросы раздела «Аншыбай батыр и его потомки» в сборнике стихов «сорок героев Крыма». Мы считаем, что мнение ученого о степени изученности Отечественной фольклористики в науке «Сорока героях Крыма» является более очевидным, чем приведенные ниже данные. В частности, попробуем проанализировать ряд исследований о «Сорока героях Крыма» по годам издания. Песня «Нурадын» из саги «сорок героев Крыма» неполная, отрывок. Это потому, что это один из отрывков, записанных Ханкельдином, который записан в Псалме. В статье рассказывается об этом. Песня о «Сорока героях Крыма» состоит из сорока глав, каждая из которых посвящена отдельным героям. При этом один герой воспевается как потомок другого героя. Поэтому сборник стихов о сорока богатырях близок по происхождению и композиционному строю. Герой показан здесь как оплот своего народа, герой-освободитель от гнета иноземцев.

**Ключевые слова:** Ханшыбай батыр, жыр, Нураддин, Муса хан, история.

#### HISTORICAL BACKGROUND OF THE POEM "INSHIBAY BATYR AND HIS DESCENDANTS"

##### Abstract

The article discusses some issues of the section "Khanshybai Batyr and his descendants " in the collection of poems "forty heroes of the Crimea". We believe that the scientist's opinion about the degree of study of Russian folklore in the science of the " forty heroes of the Crimea " is more obvious than the data given below. In particular, we will try to analyze a number of studies about the "forty heroes of the Crimea" by the years of publication. The song "Nuradyn " from the saga " forty heroes of the Crimea " is incomplete, excerpt. This is because it is one of the passages recorded by Hankeldin, which is recorded in the Psalm. The article tells about this. The song about the "Forty Heroes of Crimea" consists of forty chapters, each of which is dedicated to individual heroes. At the same time, one hero is sung as a descendant of another hero. Therefore, the collection

of poems about forty heroes is close in origin and compositional structure. The hero is shown here as a stronghold of his people, a hero-liberator from the oppression of foreigners.

**Keywords:** *Anshybai batyr, zhyr, Nuraddin, Musa Khan, history*

МРНТИ 17.09.91

**Кобегенова Ш. Б.**

*Баишев Университеті*

*kobegenova2001@icloud.com*

## ЖАДЫМДА ЖҮРСІҢ, ТАБАНТАЛ

### Аңдатпа

Мақалада ақының туған жерге, елге деген сезімі көркем тілмен суреттеулері қарастырылады. Ауылына деген арнаулары, «Табантал» өзенінің ерекше сипаттамаларына мысалдар келтіріледі. Бесқоспа ауылының тарихы, қалай пайда болғандығы жайлы сөз қозғалып, бірнеше өлеңдеріне талдау жасалады. Ақын көбіне борандатқан қыс мезгілін аса шеберлікпен суреттейді. Үскірік бораны бұрқырап тұрған қыстың алпауыт көрінісін мінезіне ұқсастырып баяндаса, жайнаған жаздың көріністерінде құдды бір картина ретінде түрлі-түске бояттып, кейіптейді. Табиғатпен сырласқан ақын Ізтайдың өлеңдері де сонау Абай өлеңдері секілді естен кетпес, тартымды, мағнасы терең, ауқымды екені анық. Абай төрт мезгілдің мұңын шағып, көркін келтіре сипаттаса, Ізтай ағамыз да тек Ақтөбенің табиғатын ғана емес бар қазақ жерінің сұлу бейнесін аша білді деп білеміз.

**Түйінді сөздер:** Бесқоспа, Табантал, туған жер, елге деген махаббат, поэзия.

Мен тұратын өлкеде бірнеше талантты тұлғалар өмір есігін ашқан. Сондай жандардың бірі Алға ауданы, Табанталдың боранды жүйрігі Ізтай ағамыз. Мектепте оқып жүрген күндері Із ағамның поэзиясына үлкен қызығушылықпен қарайтынмын. Мерей тойларына ұйымдастырылған түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарды иеленіпте жүрдім. Енді міне сол кезден жинаған бар ақпараттарды өз қолыммен жарыққа шығаратын да сәт жеткені осы болмақ.

1. Ізтай Мәмбетов (1929-1974ж.ж.) — қазақтың лирик, эпик ақыны, журналист, аудармашы. Ақынның *азан шақырып қойылған есімі – Избасқан, бірақ жастайынан үйіндегілерінің еркелетуімен Изтай атандырған. Әкесі –Тілеулі, шешесі – Күнзила.* №6 Ақтөбе қазақ орта мектебінде білім алып, қатарының алды болып үздік тәмәмдаған, кейін Қазақтың С.Киров атындағы мемлекеттік университетінде оқыды. Ақтөбе қаласына келіп, тоғыз айдай облыстық газетте, кейін республикалық «Қазақ әдебиеті» газеті, «Жұлдыз» журналы редакцияларында мансаптық қызметін жалғастырған. Ақынның тұңғыш өлең жинағы «Тұңғыш» деген атпен 1955 жылы «Жазушы» баспасынан халық иелігіне қолданысқа берілді. *Изтай Мәмбетов артында «Тұңғыш», «Бақытты балалық», «Сыр», «Табантал», «Жол ұзақ», «Сал Сары», «Өсиет», «Жалын», «Тарланбоз», «Жылы жел», «Таңдамалы» атты жыр жинақтары мұра болып бізге жетті.*[1] [101-102б,б]

Ол аштық болған заманда дүние есігін ашып,, алапат соғыстың ауртпалығын өрімдей жас шақта сезінген, маңдайларына қатал тағдыр бұйырған буын өкілі еді. Замандастары Избасқанды ақын сырттай сұсты, бірбеткей, мінезі тік болып көрінгенімен, жаны нәзік, әділетсіздікке жаны қас, ақкөңіл, жомарт жан еді деп сипаттайды. Оның өлеңдерінің тақырыбы да туған жер, сағыныш, махаббат, сезім, табиғат, ғашықтық сезімдерін жеткізетін

өлең тақырыптары болып келеді. Таңдаулы өлеңдері рухани асыл мұраға айналып, халық арасында кең таралуда.

«Біздің қазақ – жер аты, тау атын сол ортаның сыр-сипатына қарай қоя білген жұрт. Қайда, қандай бір өлкеге барсаң да, жер, су, жапан дүзде кездескен кішкене бұлақ атының өзінде қаншама мән-мағына, шешілмеген құпия сыр жатады», – деп М.Әуезов атамыз айтқандай, Из ағамыздың дүние есігін ашқан туған жері «Бесқоспа, Табанталөзеніне» арнаған шығармаларына тоқталатын боламыз.

Бүгінде Бесқоспа деп аталатын бес өзеннің қосылған тұсындағы ауылда 60 шақты ғана үй бар. Іргетасы жаңа бой көтере бастаған сонау 50-ші жыдары бұл ауылға «миллионер» деген ат берілген. Ол кезде «Қазақстанның 20 жылдығы» деп негізінен аталған. Ізтай аз ғана ғұмыр жолында асыл мұра болатын жыр жолдарын қағаз бетіне түсіріп, елім деп еміреніп, халқым деп қабырғасы қайыса қалам тербеген ақын ағамыздың ауылына арнаған өлеңдері көп. Соның бірі «Бесқоспа» деп аталады.

Бес өзен келіп тоғысқан,  
Бесқоспа деген жер осы.  
Сылдырап аққан сулары,  
Сыр ұрлап келіп жатқаны.  
Сықықтаған құстың шулары,

Сәскеде тыныш таппады.– [2] [896] деп айтылған бес өзен Табантал, Тамды, Есет, Батпақты өзендері келіп Елек өзеніне құяды. Бес өзеннің қосылған жеріндегі ауылдың «Бесқоспа» деп аталуының тарихын ақын өлеңінен айқын көре аламыз.

Табантал – Алға, Хромтау ауданы мекеніндегі өзен. Жайықтың алабында. Ұзындығы 56 км болатын, Табантал өзені. Табантал (Бесқоспа) жеріндегі шығысындағы қыраттан басталып, Бестамақ ауылының тұсындағы Елекке әкеп құяды. Өзеннің табаны тал, көгалға болғандықтан солай аталды деген жорамал бар. Арнасы тік жарлы, жайылмасы жайпақ (500 м). Қар суымен толығады. Басты саласы – Тамды. Негізінен мал, бау-бақша суаруға пайдаланылады. [3] Ал табиғат жыры сонау «Табанталдан» бастап, бүкіл Қазақстан өңірін қамтыған топ-топ суреттемелермен ұласады. Сонда оның ақындық өткір, суреткерлік көзі ерекше байқалады. Мысалы: «Ақ ұлпа дала айнала» деген өлеңінде ол сол ерекшелігін апанық көрсеткен; онда желдің дірілі, қардың жусан басынан жұмсақ құлағаны, қоянның қалқыған ізі, тым-тырыс даланың ұлы тыныштығы - бәр-бәрісі тұр. Осы өлеңді ақын Әбділда Тәжібаев сүйсіне мадақтап: «Міне бұған карап художник сурет салар ма еді» дегені бар.

I.Мәмбетов «Табанталға»:

Жадымда жүрсің, Табантал,  
Жасырын ағып жылысқан.  
Жайқалып өскен жағаң тал,  
Жанымнан алғаш жыр ұшқан.

Жадымда сонау балалық  
Талыңды тай ғып жүгірген;  
Табанды тасқа жара ғып  
Қалыспай қызық дүбірден.

Көркінді көрдім, көп түйдім,  
Өң бойың өмір, жағаң тал.  
Өлеңге сөнбес от құйдым,  
Қыз толқын өзен [3]. [116]  
Табантал – деп бізге қалдырған асыл мұрасын паш етеді.

Қазірде бұл өзен сағасы әлсін құрғап, экологиялық қатердің алдында тұр. Сонымен қатар қоқыс қалдықтары, 2022 жылдан бастап салынып жатырған жолдың әсері де тиіп жатқаны анық. Дегенмен, өзен желегі әлі де көккөңбек дәл Із ағам сипаттағандай.

Бұл шығарманың жанры- өлең, белгілі бір ырғақпен табиғатты әсем суреттеп жеткізген. Өлең төрт шумақтан тұрады. Өлеңде 20 тармақ, 3 бунақ, 8 буыннан жасалған. Қара өлең ұйқасында жасалған. Табиғаттың көркем құбылыстарын, қыз толқынынына теңеген. Өлеңде Табанталдың мәңгі жүрегінде екендігі, алғаш жырын осы мекенде жазғанын сипаттаған. Табиғатты сүюге, аялап, қастерлеуге шақырған. Барлық табиғатқа арналған шығармалары махаббатпен жазылып, жаратылыстың құдыретін қара сөзбен суреттеген, ерекше суреткер ақын Ізтай екені анық.

Табантал Елек өзенінің саласы болып есептеледі. Елек – Жайық алабындағы өзен. Ресейдің Орынбор облысы жерімен және Қазақстанның Ақтөбе, Алға, Мәртөк аудандары, Батыс Қазақстан облыстарымен ағып өтеді. Ұзындығы 623 км. Арнасы бастауында еңсіз (20-30 м), тік жарлы, орта тұсында (Ақтөбе қаласының тұсында) 150-170 метрге жетеді. Онда тоғай, шалғын өседі. Електің 75 саласы бар. Өзенде жайын, көксерке, ақмарқа, табан, сазан, алабұға, тыран, аққайран, бекіре, қарабалық бар.

Осы Елек өзенінің сол жағалауында Алғаның солтүстігінде Бестамақ ауылы орналасқан. Бес (сан есім) және тамақ (зат есім) сөздерінің бірігуінен жасалған атау.

Түркі тілінде «тамақ» сөзінің топонимдік мәні «өзен сағасы, сай аңғары» деген ұғымды білдіреді. Бестамақ топонимінің мағынасы кішігірім бес сай, бес аңғар дегенді білдіріп тұр [4].

Бестамақ Орынбор-Ташкент тас жолының бойында аудан орталығынан 13 км, Ақтөбеден 23 км жерде орналасқан ауыл. Іргетасы 1905 жылы қаланған. Елді мекендері № 41, 42, 43 теміржол бекеттері, Лагерь (Қасымтал). Өзендері Елек, Есет, Батпақты, Табантал, Тамды [5]. Табантал өзені осы Алға, Бестамақ елді мекенінен өтіп жатқан Елек өзенінің бір сағасы.

Ізтай поэмалары да өзінше бар мүсімімен, тақырып тынысымен ерекше. Оны сол поэмалардың аттарынан да байқауға болады. «Жыр Жәмила» (Джамиля Бухаред), «Пушкин мен Әміржан», «Пугачев нөкері», «Тұңғыш Тоқай» (Ғабдулла Тоқай) «Сал Сары» тағы басқалары. Көріп отырсыз, тақырып диапазоны, ауқымы қаншалықты кең! Бұлардан оның туған жер тарихын, орыс, татар халықтарының тағдырлас өмірін көп зерттегені көрініп тұр.

Осы арада жалпы үлкен талантқа, нағыз зор ақындыққа тән жан-жақты білімділік, ғұлама тарихшы, үнемі ізденгіштік Ізтайда болғанын басып айтып кетуіміз керек. Үнемі бір білгеніне айналшықтап соға беретін ойға тайыз, қиял төбесі төмен өлеңшілерден олардың айырмасы, бір жағынан, осында. [6].

Ақтөбе-ау, айналайын, сөзді ұғарсың,

Өзімдей ыстық жүрек, қызу қансың:

Сағынып кеттім –дағы,

Жеттім тағы,

Тағы да топырағында ізім қалсын – деп жырлағандай ақынның ізі өшпес мұра, таусылмас азық болмақ. Туған жерге сағынышын әрбір шығармасынан-ақ байқауға болады. Ақтөбені өзінің қызу қанды мінезіне ұқсастырып бейнелеген. Ізтайдың табиғат жайлы өлеңдерінде өзін боранға, құйынға теңеп жазған. Қаламгердің «Мен туыпшын ақпандатқан боранда» өлеңінде де осы боранмен басталған мінезін, махаббатпен ұластырып әсем суреттеген. Өлеңдегі қайсарлық ақынның тұла бойында бар екенінде білеміз. Оны мына бір өлеңіннен көре аламыз:

Сабырсыз санап жұрт мені,  
Қызбалау жігіт бұл дейді.  
Жөн шығар мүмкін, үйткені  
Өз мінін кей жан білмейді.

Шабытым бірақ келгенде,  
Білемін, басқа мінезім:  
Қызуды беріп өлеңге,  
Сабырлы болам мен өзім.

Бұл қызуды өмір жолынан да байқауға болады. Жолындағы түрлі үйірмелерге қатысып, додалардың барлығында делік үздік атанғанынан-ақ көре аламыз.

«Табантал» жайлы екінші өлеңінде де табантал жерінің сұлулығын толықтай жеткізе білген.

Ыстықсың маған шексіз, Табанталым,  
Барыңша сүйем сұлу дала таңын.  
Сүйемін сылдырлаған күміс суым,  
Тербеліп тұрған қызыл жағаң талың.

Жан едім жастайымнан жыр тілеген,  
Жолдас ем шаттық толы күлкіменен.  
Сондықтан күндіз-түні бір боламын  
Сенімен, Табанталым, күркіреген. [6] [1186]

Жанр түрі- өлең. Төрт шумақты, жиырма бес тармақтан, үш бунақтан, он бір буынды, қара өлеңді ұйқасты туынды. Табантал табиғаты, желінің, адамдарының, тау-тасын, таңы мен түнін сипаттап бір өлеңге сыйдырған. Алғаш өлеңі табантал бойында жыр боп ұшқанында бейнелейді. Қатты соққан желіне күресіп ойнағанының өзін керемет сезімге толы өлең жолымен сыр шертіп көрсетеді. Табантал табиғатын көруге шақырады. Оны, «Келіндер қаладағы құрбы-құрдас, Сендер де қызысындар, қарасандар» деп табиғатты сағынышпен толғағанынан байқайсың.

Ізтай атамыздың табиғатты сүйгені сонша, құлаған тамшы су мен қардың өзін ерекше бейнелеген. «Сүйемін» өлеңінде суретші табиғатпен қоса елге деген махаббатын ерекше жеткізген. Өр мінезділігі бұл өлеңінде айқын көрінеді.

Қандай әсем қырындағы күміс қар  
Алматылық ақ дастархан секілді,  
Үсті толы таңғажайып жеңіс бар-  
Мәңгі жасар ұлы өмірдің кепілі. [6]. [886]

Осы сәтті пайдалана отыра мен де әрі жерлес, әрі сүйікті ақыныма бір ауыз өлең шумағымды арнамақпын:

Тым бөлек сезімдерді жеткізеді,  
Тым ерек жаратылған жүрегімен  
Ізтай ақын көзімен не көрмеді?  
Соның бәрі жадында өмірімен.

Жанның түбін қазды-дағы тереңдеп  
Алтын сөзді, ауыр сөзді ап шықты.  
Қаламымен тербеді оны өлеңдеп  
Жалғаны жоқ жария етті бар шынды.

Бақытты сөзін оқысаң жолдарынан  
Оқып қана бақытқа бөленесің,  
Күйігін оқып жас тамады жанарыңнан  
Күдірет емей мұны енді дер едің?

Қасиетін қара сөздің таныттың,  
Поэзияның теңізін толқып, ұлаттың  
Маңдайына қазақтың бақ қып берген  
Жерлесімін мақтан тұтар алыптың!

Қорыта айтқанда Изтай мұралары өшпес із екені анық. Әр бір туындылары өз алдына бір картинаны суреттейді. Алла Тағаланың күдіретінен жаралған ауыл табиғатын, сөз құдыретімен сипаттаған шығармаға тамсанбау мүмкін емес. Тамсанып тұрып ән салмауда, әнге қосып шырқамауда мүмкін емес! Жер бетіндегі әрбір жанның өмірінде естелікке, махаббатқа, мейірімге, сағынышқа толы кішкентай ғана сыйқырлы туған өлкесі мекені болары анық. Ол мекен әрине, кіндік қанымыз тамған жер – ауылымыз, алтын бесігіміз. Бәрімізде сондай бір ауылдан шыққанымызды ұмытпасақ екен деймін. Ақынның өлеңіндегі ауыл бейнесіне қарап-ақ та ауылға оралғың келіп кететіні анық. Қайткенмен де топырағы құнарлы жер анамыздың жібермесі, болашақта ауылды көркейтер мен мен сіз секілді жастардың өсіп жатқанына сенемін!

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Ақтөбе-құтты мекен». Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы, 2017. -336 б.
2. І. Мәмбетов. Шығамалары. Т.10 том. – Ақтөбе: «Шамшырақ» – Ақтөбе ЖШС. 2011. – 312 б.
3. Т.Жанұзақ. Жер, су атаулары. –Алматы. Өнер. 2011.- 496б.
4. Ақтөбе облысының топонимикалық кеңістігі. Атаулардың пайда болу тарихы. – Ақтөбе. 2001. – 228 б.
5. Ақтөбе: Энциклопедия – Ақтөбе. М.Қ. Тажибаев – бас редактор. «Отандастар - Полиграфия» ЖШС 2001. – 748 б.
6. І. Мәмбетов. Шығамалары. Алматы: «Таңдалым», «Жазушы» баспасы 1979. 369 б.

#### В ПАМЯТИ ТЫ, ТАБАНТАЛ

##### Аннотация

В статье художественным языком описываются чувства родного края и страны. Приведены примеры посвящения села, особенности реки «Табантал». Будет рассказано об истории села Бескоспа, о том, как оно возникло, и будут проанализированы несколько стихотворений. Поэт умело описывает часто бурную зимнюю пору. Если гигантскую сцену зимы с бушующей метелью Ускурик описывает как своего персонажа, то в сценах цветущего лета он раскрашивает и изображает колодец в различных красках как картину. Если Абай описал печаль четырех времен года и сделал их прекрасными, то мы знаем, что наш брат Изтай смог раскрыть не только природу Актобе, но и прекрасный образ казахской земли.

**Ключевые слова:** Бескоспа, Табантал, родина, любовь к родине, поэзия.



## IN MEMORY, YOU ARE A TABANTAL

## Abstract

The article describes the feelings of the native land and country in artistic language. Examples of dedication to the village, special characteristics of the river "Tabantal" are given. The history of the village of Beskospa, how it came into being, will be discussed, and several poems will be analyzed. The poet skillfully describes the often stormy winter season. If freezing describes the giant scene of winter with a raging blizzard as his character, in the scenes of blooming summer, he paints and portrays the well in various colors as a painting. If Abai described the sadness of the four seasons and made them beautiful, we know that our brother Iztay was able to reveal not only the nature of Aktobe but also the beautiful image of the Kazakh land.

**Keywords:** Beskospa, Tabantal, homeland, love for the country, poetry.

МРНТИ 17.71.91

Қади К. Т.<sup>1</sup>, Асан Ж.<sup>2</sup>

<sup>1,2</sup>Баишев Университет, Қазақстан Республикасы, Ақтөбе қаласы

Kadi79@inbox.ru

## «ЕДІГЕ» ЭПОСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВЕРСИЯЛАРЫНДАҒЫ КЕҢЖАНБАЙ ОБРАЗЫ

## Аңдатпа

Мақалада «Едіге» тарихи-қаһармандық эпосының ұлттық версияларының барлығында дерлік кездесетін Кеңжанбай образы зерттелген. Олардың арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтар қарастырылған. Ұлттық версиялардан оны жақсы жағынан да, жаман жағынан да көреміз. Мұның өзі де «Едіге» эпосының даралық сипатын айқындай түседі. Жалпы алғанда, «Едіге» жырының өзіне тән ерекшелігінің ең бастыларының бірі осындай күрделі образдар жасау болып табылады. Тегі қарапайым дегенмен, Кеңжанбай да тегін пенде емес. Кеңжанбай образының күрделілігі сонда, ол бірыңғай жағымсыз бейне емес. Мәселен, қарақалпақтың Қияс жыршыдан қалған нұсқасында хан айналасындағы Ағай, Тағай, Қосназар, Байназар, Өмірби, Керімби сияқты атақты билердің арасындағы ең танымалы – Кеңжанбай. Бұл топ өздерінің көзқарасын Тоқтамысқа Кеңжанбай (Кенжембай) арқылы жеткізеді. Себебі іштеріндегі шешені – осы адам. Едігенің Тоқтамыстан беделі асып бара жатқанын аңдайтын да, Тоқтамыс қол астынан қашқан Едігені Сыпыра жырау ақылымен шақыруға барғанда топ адамның ішінен белсеніп тіл безейтін де осы – Кеңжанбай. Мақалада Кеңжанбай бейнесі де шығармадағы өзге негізгі бейнелер сияқты қайшылықтарға толы екені дәлелденген.

**Негізгі сөздер:** эпос, батыр, Кеңжанбай, Нұраддин, қарақалпақ версиясы, татар версиясы, ноғай версиясы.

«Едіге» тарихи-қаһармандық эпосындағы қайшылықты образдардың біреуі – Кеңжанбай образы. Ұлттық версияларда оны жақсы жағынан да, жаман жағынан да көреміз. Кеңжанбай бейнесі де шығармадағы өзге бейнелер сияқты қайшылықтарға толы. Мұның өзі де «Едіге» эпосының даралық сипатын айқындай түседі. Жалпы алғанда, «Едіге» жырының өзіне тән ерекшелігінің ең бастыларының бірі осындай күрделі образдар жасау болып табылады.

Эпос версияларының көпшілігінде ондағы оқиғаларға Кеңжанбай бастан-аяқ қатысады. Жағымсыз кейіпкер есебінде бейнеленеді. Бұл Кеңжанбай ақсүйек, төре тұқымы

немесе қожа тұқымы емес, қарадан шыққан сыңайлы. Қарақалпақтардың Қияс жырау нұсқасында Ордадан қашқан бірақ артында қалған ата-жұртын қимаған Едіге соңымнан іздеп, біреу-міреу келіп қалса керек деген оймен Мәуленнің Ақтөбесінің басында отырып, былай ойлайды: «Мен осы жерде үш күн отырайын, Тоқтамыс хан мені жоқтар ма екен, я тым-тырыс отырар ма екен, ізімнен адам жібермес па екен? Жамандының соңынан құлдан жасауыл келсе, ол адамға – өлім лазым болғаны деп естуім бар еді. Ақсүйектен жасауыл келсе, өлімнен азат болғаны деп естуім бар еді». Қияста да соңынан Кеңжанбай қуып жетіп, жауаптасқанда Едіге оған:

Атаң қара кісі еді,  
 Ас бергеннің құлы еді,  
 Енең жаман шоры еді,  
 Нан бергеннің күңі еді,  
 Атаңа нәлет ақылсыз  
 Маған насихат айтқандай  
 Асылың сенің кім еді? –

дейді [1, 160-б.].

Тегі қара дегенмен, Кеңжанбай да тәңірінің тегін жаратқан пендесі емес. Кеңжанбай образының күрделілігі сонда, ол бірыңғай жағымсыз бейне емес. Мәселен, қарақалпақтың Қияс жыршыдан қалған нұсқасында хан айналасындағы Ағай, Тағай, Қосназар, Байназар, Өмірби, Керімби сияқты атақты билердің арасындағы ең танымалы – Кеңжанбай. Бұл топ өздерінің көзқарасын Тоқтамысқа Кеңжанбай (Кенжембай) арқылы жеткізеді. Себебі іштеріндегі шешені – осы адам. Едігенің Тоқтамыстан беделі асып бара жатқанын аңдайтын да, Тоқтамыс қол астынан қашқан Едігені Сыпыра жырау ақылымен шақыруға барғанда топ адамның ішінен белсеніп тіл безейтін де осы – Кеңжанбай[2,21-23 б.].

Тек шындықты айтуға ант берген Сыпыра қарақалпақ версиясында оны жамандағанымен татарша нұсқада хан кеңесшісіне:

Жантая биреп утырган,  
 Жанбай аты аталған.  
 Ирне салкык күренә –  
 Жанбаз булыр шул угыл,  
 Кәмалның улы Киң Жанбай,  
 Сүзгә чичән ир Жанбай  
 Киңәш бирер картларга,  
 Яуга чыгар атларга,  
 Бездән дәүран үткәндә,  
 Сөзгә дәүран житкәндә  
 Та кем калды ханнарға!... –

деген жағымды баға береді [3, 63-б.].

Ноғай версиясында Тоқтамыс хан Құбығылдың арғы тегі кім деп сұрағанда, Кеңжанбай: «Жүз де сексен жасаған, азу тісі босаған, нағашым Қара жырау бұл күнде, ол білмесе кім білер» дейді[4,26 б.]. Кеңжанбайдың (ноғайшада Кер Янбай) Қара жырау деп отырғаны – Сыпыра жырау. Нағашысына тартқан Кеңжанбайдың шешендіктен, ақындықтан құр алақан болмауының себебі осында жатқанын эпос астармен білдіреді. Кеңжанбай эпостың ұлттық версияларында әр кезде Тоқтамыстың жанынан табылады. Шоқан

Уәлиханов нұсқасына Тоқтамысты өлтіріп кейін оралған Нұралын аты болдырып, жолда қалған Кеңжанбайдың үстінен түседі, сонда ол басым кетер деп қорықпай батырға:

«Әй Нұралын, Нұралын,  
Еш бермесін мұрадың,  
Тоғыз көзді кіреукем,  
Аны неттің, Нұралын?  
Сауырғы бие сүті еді,  
Байсалды жұртқа құт еді.  
Тоқтамыстай хан ием,  
Аны неттің, Нұралын?» –

дейді[5,76 б.].

Татар версиясында Тоқтамыстың басына қара түн орнап, тағын, билеп отырған ел-жұртын тастап шығына қашқанда да сасқан ханға жөн-жосық айтып, жылап-сықтаған Йәникә ханымға басу айтып, ханның жанына жалау болған Кеңжанбай деп көрсетеді. Бар қиындықты, жол азабын, айдаладағы тауқыметті Тоқтамыспен бірге көреді. Оны ханға адал қызмет еткені үшін, осы жолда аянбай күрескені үшін кінәлау орынсыз болып шығады.

Кейбір ұлттық версияларда Нұраддин мен Едігені татуластыру үшін қызмет қылады. Кеңжанбай қарақалпақ версияларында да өңкей жамандық жағынан көріне бермейді. Едігенің көзі шығып, баласымен араздасып, үлкен қайғыға ұшырап жүрген кезінде алып келіп, баласымен табыстырады. Осы жердегі Кеңжанбай жыраудың тауып айтқан сөздері тыңдаушысына үлкен әсер қалдырады. Ол айтты деген сөздердің көркемдігі де жоғары.

Қара көзден нұр тайса,  
Қырағың сенің Нұраддин,  
Қарға адым жерді көрмесең,  
Шалқып жанар алдыңда,  
Шырағың сенің Нұраддин,  
Сапар тартсаң ұзаққа,  
Пырағың сенің Нұраддин,  
Қайт, Едіге, қайтсаң ә,  
Жалғыздыңның күнәсін  
Өт, Едіге, өтсең ә,  
Көрер көзің көрмесе,  
Көзің сенің Нұраддин.  
Абай етіп сөз айтарға,  
Сөзің сенің Нұраддин.  
Қазаң жетсе бір күні,  
Ие болар орныңа,  
Өзің сенің Нұраддин.  
Қайт, Едіге, қайтсаң ә,  
Жалғызымның күнәсін  
Өт, Едіге, өтсең ә.  
Басыңа күндер туғанда,  
Алладан әмір болғанда,  
Сол пайманаң толғанда,

Жағаңнан ажал бұғанда,  
Пәрменің сенің Нұраддин ...

Кеңжанбай хан баласы Қадірбердінің «қалған-құтқанға бас болып, қайтадан желкілдеген ту көтеріп, бұрынғыдай іргесі берік ел болып, хан тағына отыруына» жәрдемдеседі. Бұл – әрине жырды шығарушылардың асыл арман, қиялы. Бұрынғы Евразия жеріндегі ұлы мемлекет Алтын Орданы жоқтауы. Осы игі қиялдың ішінде де оны жүзеге асырушылар тобында Кеңжанбай жүр.

Қарақалпақтардың Өтенияз нұсқасында Кеңжанбай Едіге мен Нұраддинді татуластырып, Нұраддин таққа мінеді. Содан кейін Кеңжанбай астыртын хабарласып, Токтамыстың кіші баласы Дәулет басы Төрені елге алдырады. Нұраддин бес жыл хандық құрғанда Дәулет басы Төре онға келеді. Кеңжанбай айламенен Нұраддинді өлтіреді. Оның орнына Токтамыстың баласы таққа отырады.

Бұл айтылғандардан біз Кеңжанбай образының қарама-қарсылыққа толы күрделі образ екенін көреміз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Едіге. – Нөкіс: Қарақалпақстан, 1990. – 400 б.
2. Бабалар сөзі. – Астана: Фолиант, 2006. – 448 б.
3. Идәгә. – Казан: Татарстан кітап нәшрияты, 1988. – 254 б.
4. Ногайдынъ кырк баътири. Эдіге. – Махачкала, 1991. – 158 б.
5. Едіге батыр. Жинақ. – Алматы, 1999ж.

#### ОБРАЗ КЕНЖАНБАЯ В НАЦИОНАЛЬНЫХ ВЕРСИЯХ ИСТОРИКО-ГЕРОИЧЕСКОГО ЭПОСА «ЕДИГЕ»

##### Аннотация

В статье исследуется образ Кенжанбая, который встречается практически во всех национальных версиях историко-героического эпоса «Едіге». Рассмотрены сходства и различия между ними. В национальных версиях мы видим это как в хорошем, так и в плохом смысле. Это также подчеркивает индивидуальность эпоса «Едіге». В целом, одной из главных особенностей песни «Едіге» является создание таких сложных образов. Хотя Кенжанбай из простого народа, он является непростым человеком. Сложность образа Кенжанбая заключается в том, что он не является единым негативным образом. К примеру, в версии, оставшейся от каракалпака Кияс жыршы, самым известным бием вокруг хана, как Агай, Тагай, Косназар, Байназар, Умирби, Керимби, является Кенжанбай. Эта группа передает свое видение Токтамышу через Кенжанбай (Кенжембай). Потому что среди них красноречием выделялся только он. Именно Кенжанбай заметил, что репутация Едіге повышается по сравнению с репутацией Токтамыса, ведь именно он из толпы проявил активность и выступил, когда Сыпыра жырау приехал забирать Едіге. В статье доказано, что образ Кенжанбая так же полон противоречий, как и другие основные образы в произведении.

#### THE IMAGE OF KENZHANBAI IN THE NATIONAL VERSIONS OF THE HISTORICAL AND HEROIC EPIC "EDIGE"

##### Abstract

The article explores the image of Kenzhanbai, which is found in almost all national versions of the historical and heroic epic «Edige». The similarities and differences between them are considered. In the National versions, we see it both from the good side and from the bad side.

This also emphasizes the individuality of the epic «Edige». In general, one of the main features of the song «Edige» is the creation of such complex images. Although the surname is black, Kenzhanbai is not free. The complexity of the image of Kenzhanbai lies in the fact that it is not a single negative image. For example, in the remaining version of Karakalpak from Kiyas zhyrshi, the most famous among such famous dances as Uncle, Tagai, Kosnazar, Bainazar, Omirbi, Kerimbi around Khan is Kenzhanbai. This group conveys their vision to Toktamys through Kenzhanbai (Kenzhembay). Because among them, only he stood out with eloquence. It was Kenzhanbai who noticed that the reputation of Edige was increasing compared to the reputation of Toktamys, because it was he who showed activity from the crowd and spoke when Sypyr zhyrau came to pick up Edige. The article proves that the image of Kenzhanbai, like other main images in the work, is full of contradictions.

**Key words:** epic, batyr, Kenzhenbai, Nuraddin, karakalpakskaya versiya, tatarskaya versiya, nogayskaya versiya.

МРНТИ: 17.01.07

Қожабайқызы С.<sup>1</sup>, Ниязова Ғ.М.<sup>2</sup>  
<sup>1,2,3</sup>Баишев Университет

## АХМЕТ БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ҒЫЛЫМИ-ӘДІСТЕМЕЛІК МҰРАЛАРЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

### Аңдатпа

Мақалада ұлт ұстазы, тілібілім ғылымы мен әдебиеттану ғыдымының бастауында тұрған ғалым А.Байтұрсынұлының әдеби және әдістемелік мұраларының маңызы зерделенеді. Әдебиеттану ғылымы саласында теориялық алғашқы еңбектің авторы ретінде ғалым теориялық ұғымдардың қазақша терминдік баламаларын ұсынуының өзі үлкен бір саланы құрайды. Оның сан салалы шығармашылық мұрасының үлкен бір арнасына әдістемелік еңбектері жатады. Алғашқы мақалаларынан бастап, ғалым әдістемелік мәселелер жазып, қазақ оқымыстыларын пікір алмасуға шақырады. Сондықтан қазақ тілін оқыту әдістемесі саласында әдіскер ғалым Ахмет Байтұрсынұлы алғаш рет әдістемелік пайымдау жасап, түсініктеме беріп, синтетикалық, аналитикалық, аналитикалық-синтетикалық оқыту саласындағы әдістерге анықтама берген. Сондай-ақ Ахмет осы әдістердің қазақша ғылыми терминдерін (терминдерін) алғаш енгізген.

Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тілін зерттеу әдістемесінің негізін қалаған әдіскер. Кезінде қарапайым қазақтың сауатын ашқан «Әліппе», «Сауат ашу», «Тілашар» т.б. оқулықтар әдістемелік, лингвистикалық тұрғыдан өз маңызын жоймаған құнды еңбек екені даусыз. Ғалымның айтуынша, «Әдіс – қажеттіліктен туындайтын нәрсе. «Әдіс қолданатын жердің қажеттілігіне қарай жақсы немесе жаман» деген сөз әрбір ұстаз үшін айнымас қағида болмақ.

**Түйінді сөздер:** әдістеме, оқу құралы, әдебиеттанушы, тіл білімі, қазақ әліпбиі.

Ахмет Байтұрсынұлов шығармашылығын жаңаша зерттеу, оның ой-пікірлерін толық саралау еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін ғана мүмкін болды. Тоқырау жылдары А.Байтұрсынұлы туралы айтуға тыйым салынды, қаншама жылдар тарихымыздың ақтаңдақ беттері болып, шаң басқан архивтерде жатты. Тәуелсіздігіміздің тәуелсіздігіміздің арқасында Алаш зиялыларының еңбектерін жинақтап, жүйелі зерттеуге мүмкіндік алдық.

«Оқу-ағарту идеясы – А.Байтұрсынұлының қоғамдық қызметінің арқауы, азаматтық борышының негізі, идеологиялық платформасының тіреуі болды. Бұл платформаны мықтап ұстауға алып келген – оның өз халқының тағдырын ойлаған қам-қарекеті. А.Байтұрсынұлы – ұлттық рухымыздың ұлы тіні. Ұлттық рух дегеніміз – ұлттық намыс, қазақ екенін сезіну. Соны бастап берген, сары маса болып ызыңдап, бүкіл халықты «қазақпын» деп көтерілуге шақырған – Ахмет Байтұрсынұлы» дейді академик Р.Сыздық [1, 4-б.].

Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің ғана емес, әдебиеттану ғылымының да негізін салушы. Халықтың бай ауыз әдебиетін, ертегілерін, дастандарын, шешендік сөздерін, мақал-мәтелдерін, қанатты сөздерін жинақтап, өз заманында жүйелі түрде жариялап отырған. 1895 жылдан бастап халық ауызәдебиеті мұраларын жинау ісімен айналыса бастаған. Мұны «Торғай газеті» бетінде жарияланған «Қырғыз белгілері мен мақал-мәтелдері» мақаласы дәлелдейді. 1923 жылы А.Байтұрсынұлы Мәскеуде қазақтың әйгілі эпостық жырларының бірі – «Ер Сайынды» басып шығарады. 1926 жылы қазақ халқының басында болған қасіретті оқиғаларды суреттейтін тағы бір жинағы 23 жоқтаудың басын құрап, оны «Жоқтау» деген атпен жариялайды.

Жоқтауларды жанры жағынан басқаларға ұқсамайтын ерекшелігіне назар аударып, жоқтаулардың тіл шеберлігі мен көркемдігіне, сөздік қорына айрықша назар аударады. Әдебиеттің осындай сан алуан нұсқаларын жинап, зерттеп, жарыққа шығарған А.Байтұрсынұлы енді оның тарихына үңіліп, оның теориясын да тұжырымдауға кіріседі.

1926 жылы жарық көрген «Әдебиет танытқыш» осындай жүйелі ізденістер мен зерттеулердің жалғасы, жинағы іспеттес. Бұл еңбек Байтұрсыновты нағыз теоретик ғалым ретінде танытты. Бұл кітап осы уақықа шейін әдебиет сүйер қауым үшін таптырмас құрал боп кележаыр. Өйткені бұл жерде ол әдебиеттің барлық жанрлары мен өнер құралдары үшін қалыптаса бастаған еуропалық дәстүрден алшақтап, таза қазақ тіліне жаңаша анықтама беріп, бәріне терминологиялық балама береді. Мәселен: арнау түрлері ( зарлай, жарлай, сұрай), дамыту, бүкпелеу, бейнелеу, көрнектеу, әсірелеу, мезгеу, кекесіндеу, теңеу, түйдектеу, теңдестіру, ауыстыру, үдету, қлы әңгіме, ұзақ әңгіме т.б. көптеген сөздер мен сөз тіркестері Байтұрсынов қолданысында тұңғыш рет терминдік мәнге ие болған.

Қазақ елінің ғана емес, бүкіл түркі жұртының мақтанышына айналған Ахмет Байтұрсынұлының шығармашылық мұрасын ғылыми тұрғыдан зерттеу тілге мемлекеттік тіл мәртебесін алған тарихи кезеңмен тұспа-тұс келді. Еліміздің тәуелсіздік алуымен Ахметтің екінші, мәңгілік ғұмыры басталды. 1922 жылы ұлт ұстазының 50 жылдық мерейтойында рухани інісі Мұхтар Әуезов: «...қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайратын біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайды. Ахаңның қызметі қазақтың ұзын-ырға тарихымен жалғасып кететін қызмет. Істеген ісімен өзіне орнатылған ескерткіші – мәңгілік ескерткіш» деген екен.

Расында, қазақ тіл білімі мен әдебиеттану ғылымында ұлттық тілді «пән» санап, оның ілімін ғылыми жүйеге бекіткен Ахмет Байтұрсынұлы болды. Қазақ тілі мен әдебиетін оқытумен негізінен Алаш зиялылары айналысты: Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Досмұхамедұлы, Телжан Шонанұлы, Қошқе Кемеңгерұлы және т.б. Олардың қазақ тілі мен әдебиетін дамыту мен оқытуда көрсеткен негізгі ұстанымдары әлі толыққанды зерттелмей жатыр. Тек қазақ тіл білімі мен әдебиетін оқыту мен меңгеру мәселесінің айналасында тәуелсіздік дәуіріндегі ғалымдар мен әдіскерлердің өзіндік ой-пікірлерін дамытуда зерттеу нысаны ретінде қарастырылып келеді.

Бұл ғылыми тұрғыдан қисынды және дұрыс. Дегенмен, оны өмірлік тәжірибемізде қолдана алсақ, тиімді болар еді. Атап айтсақ, А.Байтұрсынұлының «Оқыту құралы», «Тіл-құрал», «Әдістеме мәселелері», «Ертегіші», «Тіл-құрал», «Қай әдіс жақсы» т.б. Оның еңбегін толық пайдалануға әбден болады. бүгінгі күн талабына сай жанартылған үлгідегі бай мұра.

Ғалым қазақ тілінің грамматика, яғни фонетика, морфология, синтаксис салаларын біріктіріп, отандық тіл ғылымын жасады. Бүгінде әбден қалыптасқан қазақ тіл білімі ғылымы аз уақыт ішінде жасалмағаны анық. Ол көптеген дарынды тұлғалардың көп жылғы қажырлы еңбегінің нәтижесі бойынша құрастырылды. Ғалымның өзі айтқандай, ол алдымен тілдің грамматикалық білімін қалыптастырудан, содан кейін грамматикалық құрылымды зерттеуден бастаған. Оны замандастары «Ақаң аударған ана тілі», «Ақаң жазған әдебиеттегі асыл сөз» десе, бүгінгі тәуелсіздік кезеңіндегі ғалымдар қазақ тіл білімін «Байтұрсынұлының бастауы» деп атайды [2, 6-б.].

20 ғасырдың басында ғалым жасаған әліпбидің ұлт сауатын ашудағы рөлі орасан зор болды. Сол кездегі қазақ ғалымдарының, оқымыстыларының алдына қойған үлкен міндеттердің бірі – қазақ халқы рухани тұлғасы бар, өзіндік бағыт-бағдары бар елге айнала ма, әлде ұлттық болмысынан, айырыла ма деген мәселе төңірегінде болды. Оның атқарған жанкешті еңбегін өзінің замандасы, тілші ғалым Құдайберген Жұбанов жоғары бағалаған. Қ.Жұбанов Байтұрсынов қалыптастырған қазақ әліпбиі (Байтұрсынұлының емлесі) және ана тілін Кеңес өкіметінің «мазасыз» заманының өзінде ешкімге таптатпаған.

Құдайберген Қуанұлы кеңес өкіметі тұсында ЖОО-да сабақ берген кездегі оқыған дәрістерінде Байтұрсынұлы оқулықтарының бірінші сыныптан жоғары оқу орындарына дейін оқуға жарайтынын айтудан жалықпаған. «Тіл – құралымен» оқытуға Ахмет ұсталып кеткеннен кейін қаншама тыйым салынса да оның (А.Байтұрсынұлы) кітаптарын мұғалімдердің Құрандай қолтықтап, керегін Ахметтен іздейтінін жазады. Кеңестік идеология қазақтың ұлттық ғылымының жетістіктерін бірде ақтап, бірде сынап, бірде болжам айтып, алаш зиялыларының артында қалған мұраларын талан-таражға салып, үнсіз игеріп жатса, Қ.Жұбанов саясаттан тайсалмай сөйлеп, оларды қызғыштай қориды. Қазақ әліпбиінің жобасын талқылап жатқан тұста да, Қ.Жұбанов қазақ әріптерін араб графикасымен байланыстыра отырып, қазақ әліпбиінің негізгі құрылымын қарастырады. Мысалы, «...с 1912 г., когда впервые была выработана эта система и произошла реформа арабского алфавита, по 1930 г., когда арабский алфавит правительственным декретом был изъят, т.е., в течение 18 лет казахские слова писались по этой системе, причем никаких недостатков (...) Надо заметить, что отказ от этой системы принятием латинского алфавита произошел (...) по нажиму ученого совета вкна, а не по инициативе Казахстана» дейді. Бұл сөзі қазақтың өз жерінде, туған жерінде әліпби таңдауға еркі жоқтығына ашынып айтқан ызалы сөздері болса керек [3, 35-б.].

Түркітанушы Қ.Жұбанов қазақ әліпбиінің қалыптасуы туралы егжей-тегжейлі баяндамасында Ахмет Байтұрсынұлына дейін де әртүрлі әліпбилер қолданылғанын, Ахмет Ыбырай Алтынсарин жасаған әліпбидегі кейбір «кемшіліктерді» түзетіп, сол арқылы ескі әліпбиді қазақы танымға бейімдегенін атап өтеді.

Қазақы танымға негізделген жаңа әліпбиді қоштай отырып, «қосарлы дыбыстарды» енгізуіне назар аударып, тіл білімінің қалыптасу және даму кезеңдеріне фильтрациялық талдаулар жүргізеді. Жаңа әліпбидің жаңалықтарын құптап, ырзашылықпен қабылдайды. Айталық: «...возражение не выдерживают критики, потому что всякие культурное и иное достижение, оставленное нам (...) это наше законное наследие (...). Отказываться от подобного наследия так же глупо (...) мы не откажемся ни от чего, что составляет лучшее творениях предыдущей истории, если оно в наших руках может быть полезно для нас» деген айшығынан, әрбір еңбекті «заңды мұра» деп танығанын, ұрпақ тәрбиесіндегі қажетті құрал санағанын көреміз [3, 35-б.].

1905 жылы А.Байтұрсынұлы Қарқаралыда қызмет істеп жүргенде бір топ қазақ зиялылары бірігіп, патша үкіметінің жоғарғы органдарына петиция жолдағаны белгілі. Онда басқа мәселелермен қатар қазақ даласында оқу-ағарту ісін бастау да анық талап етілді.

А.Байтұрсынұлы 1913-1918 жылдар аралығында 8000 дана таралыммен шығатын «Қазақ» газетінің бас редакторы қызметін атқара жүріп, әліпби, оқулық шығару мәселелерін бір минут та естен шығармаған. Газеттің 1913 жылы 2 ақпанда жарық көрген алғашқы санында газеттің басты мақсаты мен негізгі бағыттарының бірі – «оқу, оқыту, мектеп, медресе, мектеп, ғылым, өнер, тіл, әдебиет» деп анық көрсетеді.

1917 жылдың 5 желтоқсан мен 13 желтоқсан аралығында ІІ Жалпы қазақ съезі өткені тарихтан белгілі. Зерттеуші Б.Қойшыбаев бұл съезде 25 адамнан тұратын «Алашорда» атты уақытша халық кеңесі құрылғанын, А.Байтұрсынұлының халық кеңесіне ұсынылмағанын, оның оқулықтар жазу комиссиясына сайланғанын («Көзқарас эволюциялары») деп жазады. Яғни, әліпби мен сауат ашуға, оқытуға арналған тілдік құралдарды шығарып үлгерген А.Байтұрсынұлының халыққа аса қажет бұл мәселедегі еңбегін одан әрі жалғастырады деп күтуізанды еді.

А.Байтұрсынұлы сынды ғалымдардың қазақ қоғамына сіңірген басқа да еңбегімен қатар, оның атақты оқулықтар жазуына түрткі болған негіз – оның оқу-ағарту саласына арнаған еңбегі. А.Байтұрсынұлы туған халқын оқуға шақырып қана қоймай, қазақ даласындағы мектептердің жай-күйі, бала тәрбиесінің әдіс-тәсілдері туралы газет-журнал беттерінде түсінікті, кеңінен баяндап, мақалалар үзбей жазып тұрады.

Осы жазбалары, алғашқы мақалалары А.Байтұрсынұлының болашақ әліпбиіне, оқулықтарына салынған сұрлеу, баспалдақ болды деуге болады.

